

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында
сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны
қамтамасыз ету департаменті

**«Ақтөбе облысы білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің «Саға мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін
өзін-өзі бағалауының
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Ақжар ауылы
2022 жыл

**«Ақтөбе облысы білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің «Саға мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалауының қорытынды
АНЫҚТАМАСЫ**

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 шілдедегі бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Б.Кузембаеваның «Ақтөбе облысы бойынша 2022 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізімі» 10.11.2021 жылғы бұйрығы.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

- | | |
|--|--|
| 1. Дуйсенғалиев Турлан Тулепбергенович | Мектеп директоры |
| 2. Ақбисенова Алтынзер Забихоллақызы | Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары міндетін атқарушы |
| 3. Жақсыбай Ардақ Ермекқызы | Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары |
| 4. Бахтыгереева Гулнар Ислямовна | Әдіскер |
| 5. Әдепова Жадыра Серікбайқызы | Балабақша тәрбиешісі |

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды, олар:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқу және оқыту;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

**«Саға мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне
жалпы сипаттама.**

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Ақтөбе облысы білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Саға мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

- БСН 970540002371 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 13 қаңтарында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1997 жыл 22 мамыр.
- Заңды мекен-жайы: 030901, Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ақжар ауылы, Мектеп көшесі, 8 ғим. Электрондық мекен-жайы: saga_mbb@mail.ru. Телефон, факс: 8 (71332) 74-8-19.
- Мектептің техникалық паспорты 2014 жылы 26 қыркүйекте жасалған. Сериясы – А, қабат саны-2, құрылыс ауданы-1453,5, ғимараттың ауқымы-10756, жалпы алаң-1982, салынған жылы-1978 жыл (көшірме қосымша ұсынылады).

- «Саға мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 13.01.2021 жылы тіркеліп, Ақтөбе облысының әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №460 қаулысымен бекітілген (көшірме қосымша ұсынылады);
- «Саға мектеп-балабақшасы» КММ–нің басқару органы -«Ақтөбе облысының білім басқармасы»; Құрылтайшысы-«Ақтөбе облысының әкімдігі».
- Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қайыңды ауылдық округі әкімінің 2007 жылғы 12 қазандағы № 1 шешімі негізінде тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (жер учаскесінің алаңы – 1,6851 га) кадастрлық номері: **02-032-007-248** (көшірме қосымша ұсынылады).
- Мектептің білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БЖҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.
- Жалпы орта білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 18 ақпан 2021 жылы берілген №KZ53LAA00024079, мерзімі– шектелмеген Бұйрық №60 н/қ (көшірме қосымша ұсынылады).
- Мектептің қаржы-экономикалық жағы Аудандық білім бөлімінде орталықтандырылған. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар.
- «Саға мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мектепшілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Мектеп директоры Дуйсенғалиев Турлан Тулепбергенович 2016 жылы 17 қарашада Ойыл аудандық білім бөлімінің №654 бұйрығымен Саға мектеп-балабақшасының директоры қызметіне тағайындалды.

Мектеп Мемлекеттік аттестаттаудан 2013 жылы өтті. «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесінің 06 қыркүйек 2013 жылғы №282 бұйрығы негізінде «аттестатталды».

Мектепте 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың бағдарламасы жоспарланған.

Бағдарламаның іске асыру 3 кезеңнен тұрады:

I кезең-2020-2021 жж.

-Дайындық-ұйымдастыру жұмысы, мұғалімдерді дайындау және жоспарды ақпараттандыруды қамтамасыз ету;

II кезең-2021-2023 жж.

Мектептің ішкі құрылымын, білім мазмұнын жаңарту, әдістемелік қызметті жетілдіру үшін тиімді инновациялық әдістермен өзгеріс енгізу.

III кезең – 2024-2025 жж.

Табысты мектеп жолына жұмыстану.Алдыңғы кезеңдердегі жүзеге асқан тәжірибе нәтижесін тарату және жариялау.

Мектептің өзекті мәселесі бойынша алға қойылған міндеттері:

1. Кәсіби жетілу үшін педагогтерді жұмылдыру, ынталандыру арқылы бірлесіп әрекет ету.Ұжымды ортақ мақсат үшін жұмыс істеуге жұмылдыру.

2. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту.
3. Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.
4. Сыныптағы және іс-әрекеттегі зерттеу жұмыстарын жүргізу;
5. Мұғалімдердің сыныпты басқару құзіреттілігін жетілдіру арқылы барлық пәндердің берілу сапасын арттыру мен мемлекеттік стандарттың орындауын қамтамасыз ету;
6. Желілік қоғамдастық және ресурстық орталық арқылы озық іс-тәжірибе алмасу;

Істер номенклатурасы: 1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығымен бекітілген «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі» (Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 06 қазандағы № 271 бұйрығымен өзгерістер енгізілді)

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарының»;

3. Ақтөбе облысының білім басқармасының 2021 жылғы «18» наурыздағы №1 сараптау комиссиясының хаттамасымен келісілген «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, жалпы білім беретін мекемелер қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі» негізінде құрастырылды.

Білім мекемесінің іс қағаздары:

- 01-Басшылық және бақылау
- 02-Кадрлармен жұмыс
- 03-Оқушылармен жұмыс
- 04-Оқу бөлімі
- 05-Оқу-әдістемелік бөлімі
- 06-Оқу-тәрбие бөлімі
- 07-Психолог кабинеті
- 08-Кітапхана
- 09-Медициналық кабинеті
- 10-Шаруашылық бөлімі
- 11- Әлеуметтік педагогтың жұмысы
- 12 - Кәсіподақ комитеті.

Өзін-өзі бағалау кезінде номенклатураға құжаттар реті номенклатураға сәйкес жүргізілген, құжаттар реті номенклатураға сәйкес.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5-бабының 34-1 тармақшасы негізінде «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Заңының 5-бабы 3-тармағына және 16-бабының 1-тармағына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» №192 бұйрығын орындау мақсатында мектепте педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы мектеп директорының 2020 жылы 01 қыркүйек №25 бұйрығымен құрылды. Кеңес құрамы хатшыны есептегенде 6 адамнан тұрады.

Өзін-өзі бағалау тексеру парағы:

1) Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын басқару және ұйымдастыру оқу жылдарына арналған **жұмыс жоспарларымен** анықталған. Жұмыс жоспарлары тамыз айындағы педагогикалық кеңестерде талданып, бекітілген.

2017-2018 оқу жылында

Мақсаты: - Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау:

- Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін мектептің педагогика- психологиялық кеңістігінде баланың шығармашылық және интеллектуалдық потенциалының дамуына ықпал жасау;
- Жеке тұлғаға бағытталған мектептің оқу- тәрбие үрдісінде жаңа технологиялар мен әдістерді бейімдеу және енгізу;
- Баланы жан-жақты мәдениетті, қазақ халық педагогикасы қағидаларына бағыттап, алдыңғы қатарлы жеке тұлға ретінде тәрбиелеу;
- Ақпараттандыру құралдарын кеңінен қолдану.

Міндеттері:

-Жеке тұлғаның қабілетін, мүмкіндігін және қызығушылығын ескере отырып толық , сапалы білім алуға жағдай жасау;

-Оқушының бойында адамгершілік, Отансүйгіштік, ұлтжандылық, өзін- өзі қадірлей алатын, өзіне талап қоя алатын қасиеттерге және салауатты өмір сүруге тәрбиелеу;

-Шығармашылық еңбек ететін мұғалімдермен тәжірибе алмасу үшін шығармашылық топтар, пән лабораториясын ұйымдастыру;

-Оқу- тәрбие үрдісіндегі диагностика мен мониторинг жүйесін жетілдіру;

-Оқушылардың жалпы мәдениеттілік бағытын күшейту;

-Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін анықтау.

Осы алға қойған мақсат, міндеттерді басшылыққа ала отырып, жұмыстандық.

Нәтижесінде:

2017 жылы балабақшада «Мектепке дейінгі ұйымда білім беру мен тәрбиелеудің инновациялық жолдары» тақырыбындағы мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілеріне арналған аудандық семинар-практикумы өткізілді. Семинар барысында балабақша тәрбиешілері өз іс-тәжірибелерімен бөлісті. Семинар жұмысы мектеп әдіскері жұмысымен қорытындыланды.

2018 жылы 18-мамырда орыс тілі пәнінен «Обновление содержания, форм и методов обучения как условия повышения качества образования» тақырыбындағы семинар-практикумы өткізілді. Семинар жұмысында «Язык мой-друг мой», «Визит к врачу» (1-сынып, пән мұғалімі М.Сундетова), «Саяхат» (2-сынып, бастауыш сынып мұғалімі Ж.Татебаева, орыс тілі пәні мұғалімі А.Амирова) үлгілі сабақтар топтамасын көрсетті.

2018-2019 оқу жылының мақсаты: адами капиталды дамытуда сапалы білімге қол жетімділікті қамтамасыз ету арқылы білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Міндеттері:

- білім беру жүйесінің алдына оқытудың қазіргі уақыттағы әдістері мен бағдарламаларын меңгеру;
- оқыту сапасын арттыру;
- сұранысқа ие білім мен дағдыларды беру;
- қоғамдық сананы жаңғырту;
- функционалдық сауаттылықты, үштілділікті, сын тұрғысынан ойлауды дамыту.

Нәтижесінде:

2018 жылы 16-қарашада қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен аудандық «Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқыту барысында оқушылардың мәнге деген әлеуетін дамыту» тақырыбында семинар-кеңес ұйымдастырылды. Семинар жұмысында Саға мектеп-балабақшасының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Б.Аққошқарованың «Шортанбай Қанайұлы. «Зар заман»», қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Ақбисенованың «Ахмет Ясауи. «Диуани хикмет»» тақырыбындағы ашық сабағы жоғары бағаланды. Қазақ тілі, биология, музыка пәнімен кіріктірілген «Өсімдік және музыка» тақырыбында ашық сабақ үлгісі көрсетілді.

2019-2020 оқу жылы

Мақсаты: оқу үрдісінде бейінді білім алуға бағытталған жұмыс жүйесін қалыптастыру, күзиретті тұлға тәрбиелеудің алғышарттарын құру, оқытудың жаңа әдіс – тәсілдері арқылы білім бәсекесіне қабілетті тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

- Ақпараттық технологиялар негізінде жаңа білім беру ортасын әрі қарай дамуын қамтамасыз ету.
- Пән мұғалімдеріне оқу мен оқыту жаңа әдістемелерін қолдану және білім сапасының тиімділігін қолдану үшін жұмыстарына жаңа педагогикалық технологияларын енгізу.
- Оқушылардың даму динамикасын байқайтын, әр оқытудың кезеңінде біліктіліктің деңгейін белгілейтін диагностикалық жүйесін әзірлеу. Оқушылардың өз бетімен білім алу және өзін-өзі дамыту дербестігін өркендету.
- Шығармашылықпен жұмыс істейтін ұстаздардың тәжірибесін жинақтау және тарату;
- Тәжірибе алмасу ортасын жоғары деңгейге көтеру;
- Жас мұғалімдердің кәсіптік шеберлігін көтеру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Жаңа форматтағы біліктілікті арттыру курс бағдарламасын іске асыру;
- Дарынды оқушылармен жұмыс сапасын арттыру.
- Балалар мен жастарды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;
- Қоғамда орнықты қалыптасқан дәстүрлер негізінде этникалық және діни толеранттылықты тәрбиелеу;
- Отбасылық тәрбие жүйесін қайта жандандыру және отбасын білім беру мектептің тәрбие жүйесіне араластыру

Нәтижесінде:

Аудандық білім бөлімінің жоспарына сай «Ұстаз аты-биік, әрі мәңгілік» тақырыбында математика пәні мұғалімі Д.Бисеновтың зейнеткерлікке шығуына байланысты шығармашылық семинары ұйымдастырылды. Семинар барысында 40 жылдық еңбек өтілі бар математика пәні мұғалімі Д.Бисеновтің жұмысы, математика пәні мұғалімі Л.Бікірованың үлгілі сабақтары көрсетілді.

2019 жылы аудандық білім бөлімінің жоспарына сай, «Сабақты оқу мақсатына сай жоспарлау дағдысын жетілдіру» тақырыбында «Бастау» желілік қоғамдастығы мүшелерінің семинары болды. Семинар жұмысы гуманитарлық бағытта өткізілді.

2020-2021 оқу жылында

Мақсаты:

- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;
- Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін мектептің педагогика- психологиялық кеңістігінде баланың шығармашылық және интеллектуалдық потенциалының дамуына ықпал жасау;

- Жеке тұлғаға бағытталған мектептің оқу- тәрбие үрдісінде жаңа технологиялар мен әдістерді бейімдеу және енгізу;
- Баланы жан-жақты мәдениетті, қазақ халық педагогикасы қағидаларына бағыттап, алдыңғы қатарлы жеке тұлға ретінде тәрбиелеу;
- Ақпараттандыру құралдарын кеңінен қолдану.

Міндеттері:

- Жеке тұлғаның қабілетін, мүмкіндігін және қызығушылығын ескере отырып толық , сапалы білім алуға жағдай жасау;
- Оқушының бойында адамгершілік, Отансүйгіштік, ұлтжандылық, өзін- өзі қадірлей алатын, өзіне талап қоя алатын қасиеттерге және салауатты өмір сүруге тәрбиелеу;
- Шығармашылық еңбек ететін мұғалімдермен тәжірибе алмасу үшін шығармашылық топтар, пән лабораториясын ұйымдастыру;
- Оқу- тәрбие үрдісіндегі диагностика мен мониторинг жүйесін жетілдіру;
- Оқушылардың жалпы мәдениеттілік бағытын күшейту;
- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін анықтау.

2021-2022 оқу жылында

Мақсаты: Мұғалімнің кәсіби құзырлығын арттыруға, оқушылардың шығармашылық әлеуетін, функционалдық сауаттылығын дамытуға жағдай жасау арқылы бәсекеге қабілетті, ой-өрісі дамыған құзиретті тұлға дайындау.

Міндеттер:

1. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сай білім беру мен тәрбие мазмұнының сапасын арттыру.
2. Жаңашылдық тәжірибелерді зерттеуге, таратуға және оқу тәрбие үрдісіне енгізуге жағдай жасау;
3. Жаңартылған білім беру мазмұны жәгне үштілділікті дамыту;
4. Мектеп бітірушілердің қорытынды емтихан,ОЖСБ тестілеріне дайындауда жүйелі жұмыс жүргізу;
5. Оқу-тәрбие жұмысына жүргізілетін мектепшілік сараптама мониторинг кестесін жүргізу;
- 6.Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру
7. Мектептің материалдық –техникалық базасын нығайту жұмыстарын жалғастыру;
8. Білім сапасын арттыру жолында мектеп психологының ролін күшейту.
- 9.Білім сапасын арттыру жолында мектеп психологінің ролін күшейту
10. Жас ерекшеліктеріне байланысты диагностиканы жүйеге келтіру
11. Мұғалімдердің жұмысын рейтингілік жүйеде бағалауды жалғастыру
12. Жаңартылған білім беру жағдайында оқушылардың білім сапасынарттыру
13. «Мәңгілік ел» идеясы жобасында білім беру жүйесін жаңалау
14. Елбасымыздың «Рухани жаңғыру-болашаққа бағдар» мақаласы бойынша туған жерге, отанға деген оқушылардың патриоттық сезімдерін тереңдету

2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ

ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;

2017-2018,2018-2019,2019-2020,2020-2021,2021-2022 жұмыс оқу жоспарлары тексерілді.

2017-2018 оқу жылында **1,2-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 үлгілік оқу жоспарының 1-қосымшасы;

- **3-4,6,8-11-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, алпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің» үлгілік оқу жоспары;

- **5,7-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 шілдедегі №432 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 18 тамыздағы №422 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалаы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»;

- «2017-2018 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Астана:БІ.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017.-368 б (2017 жылғы 21 сәуірдегі №5 хаттама) басшылыққа алынды.

2018-2019 оқу жылында **1,2,3-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 үлгілік оқу жоспарының 1-қосымшасы;

- **4,9,10-11-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, алпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің» үлгілік оқу жоспары;

- **5,6,7,8-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 шілдедегі №432 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 18 тамыздағы №422 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалаы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»;

- «2018-2019 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Астана:БІ.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018.-372 б (2018 жылғы 15 маусымдағы №7 хаттама) басшылыққа алынды.

2019-2020 оқу жылында **1-4-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 үлгілік оқу жоспары;

- **5-9-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті

стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 үлгілік оқу жоспары;

- **10-сынып** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) үлгілік оқу жоспары;
- **11-сынып** ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 үлгілік оқу жоспары;
- «2019-2020 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Астана:Б.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019.-440 б (2019 жылғы 15 маусымдағы №7 хаттама) басшылыққа алынды.

2020-2021 оқу жылында **1-4-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 17 тамыздағы №350 үлгілік оқу жоспарының 6- қосымшасы;

- **5-9-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 17 тамыздағы №350 үлгілік оқу жоспарының 16- қосымшасы;
- **10-11-сыныптар** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 17 тамыздағы №350 үлгілік оқу жоспарының 120- қосымшасы;
- **Инклюзивті оқыту** ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 17 тамыздағы №350 үлгілік оқу жоспарының 19- қосымшасы;
- «2020-2021 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Нұр-Сұлтан қ.:Б.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020.-331 б басшылыққа алынды.

2021-2022 оқу жылында **1-4 сыныптар** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығының 1-қосымшасы;

- **5-9 сыныптар** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығының 6-қосымшасы;
- **10-сынып** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығының 31-қосымшасы;
- **11-сынып** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім

берудің үлгілік оқу жоспарларына өзгерістер мен толықтырулар 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығының 100-қосымшасы,

- **Инклюзивті оқыту** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығы 9-қосымша 6-тарау

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2017-2018 оқу жылында 1-2 сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және ҚР Білім және ғылым министрінің 8 сәуір 2016 жылғы №266 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасымен» күнтізбелік жоспар құрылып, пәндер бойынша базалық мазмұн игерілді.

3,4,6,8-11 - сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

6,8,9 –сыныптар «Қазақстан тарихы» пәнін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығының 2-қосымшасымен оқытылды.

5,7-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

2018-2019 оқу жылында 1,2,3 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және ҚР Білім және ғылым министрінің 8 сәуір 2016 жылғы №266 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасымен» күнтізбелік жоспар құрылып, пәндер бойынша базалық мазмұн игерілді.

4,9,10-11 - сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

6,8,9 –сыныптар «Қазақстан тарихы» пәнін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығының 2-қосымшасымен оқытылды.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптағы Қазақстан тарихы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығының 5-қосымшасымен, қазақ тілі 4-қосымшасымен, «Адам.Қоғам.Құқық» 6-қосымшасымен оқытылды.

5,6,7,8-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

2019-2020 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылды.

11 - сынып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін

пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылды.

10-сынып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығына оқу бағдарламаларымен оқытылды.

Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәндері 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде оқытылды.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-сыныптағы **Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығы, **9,10-сыныптардағы құқық негіздері** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығы негізінде оқытылды.

2020-2021 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылды.

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылды.

10-11-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығына оқу бағдарламаларымен оқытылды.

Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәндері 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде оқытылды.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптардағы **Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығы, **9,10,11-сыныптардағы құқық негіздері** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығы негізінде оқытылды.

2021-2022 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылуда. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілген).

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылады.

10- сынып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығына оқу бағдарламаларымен оқытылады.

11-сынып Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады.

Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәндері 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде оқытылды.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-сыныптардағы **Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығы, **9,10,11-сыныптардағы құқық негіздері** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығы негізінде оқытылады.

Жаратылыстану-математика бағытындағы дүниежүзі тарихы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығын басшылыққа ала отырып, жүзеге асырылуда.

4) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру бойынша (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі)

Саға мектеп-балабақшасында 2017-2018 оқу жылындағы жұмыстар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 277 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері», ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысымен бекітілген «ҚР Білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту туралы кешенді жоспары», Ақтөбе облысы білім басқармасының 2015 жыл 1 қыркүйегіндегі № 733 бұйрығымен күшейтілген Ақтөбе облысындағы тәрбие жұмыстарының 2013-2020 жылдарға арналған бағыт-бағдарламасы, Ойыл аудандық білім бөлімінің 2015 жылғы 7 қыркүйегіндегі № 357 «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін» бекіту туралы бұйрығы негізінде жылдық жоспар жасалынды. Жоспар 9 бағыт бойынша құрылды. Жоспар мемлекеттің білімді, адамгершілік қасиеті мол, тапқыр, кез-келген жағдайда дербес шешім жасай алатын оқушы тәрбиелеуге бағытталған. Жоспар бойынша жоғарыда көрсетілген тәрбие жұмысын іске асыру бойынша сыныптан тыс шараларда, дәстүрлі мерекелерде білім алушы бойына ұлттық дәстүр мен мәдениетті, жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуда, жаңа білімді меңгертуде сынып жетекшілердің жұмыстарын атап көрсетуге болады. Саға мектеп – балабақшасында дәстүрлі мерекелік шаралар өз уақытында өтіп отырды. Сынып жетекшілер мектеп оқушылармен дәстүрлі шаралардың жақсы өтуіне атсалысты. Төмендегі кестеде Саға мектеп – балабақшасы 2017-2018 оқу жылында өткізілген дәстүрлі мерекелік шаралар көрсетілген.

№	Шаралардың атауы	Күні	Сыныптар
1	Мәңгілік елде – Білім күні	1.09.2017	1-11
2	Ғалым да, дана да бас иетін, ұстазым асыл ғой қасиетің	25.09-5.10.2017	1-11
3	Тәуелсіздік нұры – тұңғыш Елбасы	20.11-30.11.2017	1-11
4	Тәуелсіздік тарихы – ел тарихы	11.12-15.12.2017	1-11
5	Жаңа жылдық мереке	25.12-28.12.2017	1-11
6	Ана гүл, ана өмір шуағы	26.02.-7.03.2018	1-11
7	Қош келдің, Әз наурыз!	19.03-20.03.2018	1-11
8	1 мамыр Қазақстан халықтар достығы күні!	30.04.2018	1-11
9	Патриот	9.04-9.05.2018	1-11
10	Сыңғырла соңғы қоңырау	25.05.2018	1-11

Ұстаз күні мерекесі аясында мектепшілік апталық жұмыс жоспары құрылады. Апталық жұмыс жоспарына барлық сыныпқа мідетті түрде ашық тәрбие сағаттары қойылады. Сонымен қатар «Жас Ұлан» ұйымының жұмыстары негізінде ұстаздарды құттықтау, ашық хаттар жасау, концерттік бағдарлама ұйымдастыру, мерекелік жиын ұйымдастыру жұмыстары жоспарда қамтылады. Елбасы апталығы аясында апталық жұмыс жоспарланады. Әрбір сыныпта ашық тәрбие сағаттары өткізіледі. Тәрбие саласы

мамандарымен елбасының өмірі, қызмет жолы, тб мәліметтерді қамтитын шаралар ұйымдастырылады. Тәуелсіздік апталығы аясында апталық жоспар құрылады. Жоспар аясында ашық тәрбие сағаттар өткізіледі. Үйірме жетекшілері, тәрбие саласы мамандарымен тәуелсіздік мерекесі аясындағы тақырыптармен байланысты сыныптан тыс шаралар, кітап көрмелері, сурет көрмеледі ұйымдастырылды. 8 наурыз апталығы аясында жұмыс жоспар құрылып барлық сыныптарда мерекелік ашық тәрбие сағаттар өткізіледі. Тәрбие саласы мамандары буын бойынша сынып оқушыларымен түрлі деңгейдегі сайыстар, тир ату, оқушылар, ұстаздар арасында волейбол ойыны, сыныптан тыс жұмыстар өткізіледі. 1 мамыр мектебімізде фестиваль түрінде ұйымдастырылады. Сыныптарға апталық жұмыс ретінде Қазақстан халықтар достығындағы елдер бөлігіп беріледі. Сыныптар өздеріне бөлініп берілген халықтар бойынша сол елдің әнін, биін, ұлттық тағамдарын көрсетеді. 9 мамыр мерекесі мектебімізде айлық жұмыс ретінде ұйымдастырылады. Әрбір сыныпта 7 мамыр Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр Жеңіс күніне орай ашық тәрбие сағаттар өткізіледі. Тәрбие саласы мамандарына түрлі сайыстар, жарыстар, спорттық сайыстар, көрмелер ұйымдастырды. Саға мектеп – балабақшасында сыныптан тыс шаралар өз уақытында өтіп отырды. Сынып жетекшілер мектеп оқушыларымен аудандық негізінде келген қатынастарға сай шаралардың өтуіне атсалысты. Төмендегі кестеде Саға мектеп –балабақшасында 2017-2018 оқу жылында өткізілген сыныптан тыс шаралар көрсетілген.

№	Шаралардың атауы	Күні	Сыныптар
1	Құт қонған Ақтөбе!	25.09.-29.09.2017	1-11
2	Отбасы-бақыт мекені	5.09-11.09.2017	1-11
3	Қауіпсіз жол	17.01-24.01.2018	1-11
4	Әке беделі-ұлт абыройы	15.01.-26.01.2018	1-11
5	Қауіпсіз интернет	5.02-9.02.2018	1-11
6	Мемлекеттік рәміздер-тәуелсіздігіміздің нышаны	12.02.-16.02.2018	1-11

«Құт қонған Ақтөбе!» апталық жұмысында барлық сыныпта тәрбие сағаттар ұйымдастырылды. Тәрбие саласы мамандарымен сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылды. Шараларда Ақтөбе қаласының тұрғызылуы, қалыптасуы, өркендеуі, оның ақын-жыршылары тб мәліметтер қамтылып өткізілді. «Отбасы – бақыт мекені» апталық жұмысында жоспар құрылып сыныптарда тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Тәрбие саласы мамандарымен ата-ана, мектеп, оқушы арасындағы байланысты нығайту мақсатында түрлі деңгейдегі шаралар ұйымдастырылды. Жол ережелерін сақтау, жолда абай болу мақсатында ұйымдастырылған апталық жұмыста барлық сыныпта тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Сонымен тақырып аясында тәрбие саласы мамандарымен сайыстар, сыныптар тыс жұмыстар, байқаулар, сурет көрмелері өткізілді. Мектепшілік «Әке жолы – ізгіліктің іздері» әкелер клубының жұмысы аясында әкелермен апталық жұмыс ұйымдастырылды. Барлық сыныпта әкелер шақырылып тәрбие сағаттар ұйымдастырылды. Тәрбие саласы мамандарымен әкелердің қатысуымен спорттық шаралар, сайыстар өткізілді. «Қауіпсіз интернет» апталығының жұмыс жоспары құрылып барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Сурет көрмесі ұйымдастырылып, кітапханашымен интернетсіз бір күн орнына кітап оқу шарасы өткізілді. Рәміздер апталығында барлық сыныптарда тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Тәрбие саласы мамандарымен сыныптан тыс жұмыстар тақырып аясында ұйымдастырылды. Жоғарыда кестеде көрсетілген іс-шараларда білім алушылардың тақырып аясында жаңа білімді меңгеруде, салт-дәстүрлерімізді сақтауда, жалпыадамзаттық құндылықтар аясында қоршаған ортаны қорғаудағы шаралар қамтылған апталық, онкүндік, айлық жұмыстарды өткізуде сынып жетекшілер, тәрбие саласының мамандары белсенділік танытты. Олардың өз жоспарларында да осы шаралар аясында тақырыптар қойылған. Әрбір жаңа жұмысты өткізу алдында сынып жетекшілермен отырыс, тәрбие саласы мамандарымен отырыс өткізіледі. Алдын ала қандай жұмыстар қамтылатындығы айтылады. Сынып жетекшілер

жаңа мәліметтерді қамтитын танымдық сабақтар, тәрбие саласы мамандары (психолог, тәлімгер, әлеуметтік педагог, кітапханашы, үйірме жетекшілері, АӘД жетекшісі) өз бағыттары бойынша жұмыстарын ұйымдастырып өткізеді.

Саға мектеп-балабақшасында 2018-2019 оқу жылындағы жұмыстар жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтармен тәрбиеленген, көшбасшылық қасиеттері бар, әлеуметтік және тұлғалық өзін-өзі анықтауға қабілетті білімді тұлға қалыптастыру мақсатында тәрбие жоспары құрылды. Тәрбие жоспарын жасауда басшылыққа алынған құжаттарға: тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері (Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жыл 22 сәуірдегі № 227 бұйрығы), «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі 2016 ж 26 сәуір, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы еді. Тәрбие жұмысының жылдық жоспары сынып жетекшілер, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, тәлімгер, медбике, кітапханашы, АӘД жетекшісі, қыздар клубы, ер балалар кеңесі жұмыстарының жылдық жоспарлары негізінде құрылып атқарылған жұмыстар өз нәтижесін берді. Жоспар бойынша құрылған айлық, онкүндік, апталық жұмыстар уақытылы өтіп отырды. Тәрбие жұмысын жүргізудің 8 бағыты негізінде ата-ана, бала, мұғалім арасындағы байланыс нығая түсті. Жоспар мемлекеттің білімді, адамгершілік қасиеті мол, тапқыр, кез-келген жағдайда дербес шешім жасай алатын оқушы тәрбиелеуге бағытталған. Жоспар бойынша жоғарыда көрсетілген тәрбие жұмысын іске асыру бойынша сыныптан тыс шараларда, дәстүрлі мерекелерде білім алушы бойына ұлттық дәстүр мен мәдениетті, жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуда, жаңа білімді меңгертуде сынып жетекшілердің жұмыстарын атап көрсетуге болады. Саға мектеп – балабақшасында дәстүрлі мерекелік шаралар өз уақытында өтіп отырды. Сынып жетекшілер мектеп оқушылармен дәстүрлі шаралардың өтуіне атсалысты. Төмендегі кестеде Саға мектеп – балабақшасы 2018-2019 оқу жылында өткізілген дәстүрлі мерекелік шаралар көрсетілген.

№	Шаралардың атауы	Күні	Сыныптар
1	Рухани жаңғыру – ұлттың болашағы	1.09.2018	1-11
2	Ұстазыңды ұлықта!	24.09-4.10.2018	1-11
3	Мақтан тұтар ұлы тұлға	26-30.11.2018	1-11
4	Тұғырлы болсын Тәуелсіздік!	10-14.12.2018	1-11
5	Қош келдің, жаңа жыл!	26-29.12.2018	1-11
6	Алғыс айту парызым	25.02-1.03.2019	1-11
7	Ана деген- теңдесі жоқ ұлылық	2-7.03.2019	1-11
8	Қош келдің, Әз наурыз!	19-20.2019	1-11
9	1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні	31.04.2019	1-11
10	Патриот	22.04-9.05.2019	1-11

Ұстаз апталығында тақырып аясында барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылды. «Жас Ұлан» ұйымы мүшелерімен барлық ұстаздарға құттықтау ашық хаттар жасалып таратылды. Апталық соңы мерекелік жиынмен қорытындыланды. Елбасының өмірін баяндау, қызмет жолы туралы баяндау мақсатында барлық сыныптарда елбасы апталығында ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Мектеп кітапханасында Елбасына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды. Онда оқушылар Елбасына арналған кітаптар жобасымен танысты. Апталық соңы мерекелік жиынмен аяқталды. Тәуелсіздік апталығында барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаты өткізілді. Мектеп кітапханашысы Тәуелсіздік жылдарын айқындайтын кітаптардан көрме жасақтады. Тәрбие саласы мамандары мектеп оқушылар арасында Тәуелсіздік тарихын еске түсіру, Тәуелсіздік тарапында болған оқиғалар аясында түрлі тарихи, интеллектуалды сайыстар, конференциялар ұйымдастырды. Апталық мерекелік жиынмен қорытындыланды. Жаңа жылдық мерекесін тойлау мақтасында мектепшілік жаңа жылдық шаралар ұйымдастырылды. Сыныптар жас ерекшеліктерге байланысты буындарға бөлініп

мерекелік шараны өткізді. 1 наурыз «Алғыс айту» күні мерекесіне орай мектепшілік апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында мектеп оқушылар мектептегі барлық оқушылар, ұстаздар, қызметкерлерді құттықтау мақсатында құттықтау бұрышын ұйымдастырды. Сонымен қатар оқушылар ауылдық амбулатория, ауылдық кітапхана, ауылдық әкімшілік, бала бақша ұжымына алғыс айту шарасын ұйымдастырды. 8 наурыз мерекесін тойлау мақсатында мектебімізбе апталық жұмыс ұйымдастырылды. апталық барысында барлық сыныптарда аналарды, әжелерді, жеңгелерді шақырып ашық тәрбие сағаттар ұйымдастырылды. Сонымен қатар тәрбие мамандары мектептің қыз балалары арасында мерекелік байқаулар өткізді. Апталық соңы мерекелік жиынмен аяқталды. 22 наурыз мерекесі мектебінде ауылдарға бөлініп тойлау тарапында өткізілді. Сыныптар әр түрлі ауылдарға бөлініп әрбір ауыл көрші ауылға барып наурыз мерекесімен құттықтап өздерінің қонақ кәделерін ұсынды. 1 мамыр мерекесі мектебімізде фестиваль түрінде ұйымдастырылды. Фестиваль барысында барлық сыныптарға ұлттар бөлініп берілді. Сыныптар берілген ұлттардың киімін киіп, ұлттық өнерін көрсетіп, ұлттық тағамын таныстырды. 9 мамыр мерекесі «Патриот» айлығы ретінде ұйымдастырылды. Айлық барысында барлық сыныптарда 7 мамыр Отан қорғаушылар күні 9 мамыр Жеңіс күніне орай ашық тәрбие сағаттар ұйымдастырылды. Тәрбие сағаттарға әкелер, ағалар, әскерге барып Отан алдындағы борышын өтеп берген ағалар шақырылды. Апталық барысында барлық сыныптардың қатысуымен тәрбие саласы мамандары түрлі деңгейдегі сайыстар, спорттық шаралар , Жас ұлан ұйымының жұмысы, Жас сарбаз клубының жұмыстары бойынша шаралар өткізілді. Саға мектеп – балабақшасында сыныптан тыс шаралар өз уақытында өтіп отырды. Сыныптан тыс шаралар баланың қосымша білім алуына, алған білімді өмірде қолдана алуын көрсете алатын жұмыс. Сондықтан сыныптан тыс шараларға балаларды тарту, бірге жұмыстану үлкен жауапкершілікті талап етіп отырды. Сынып жетекшілер мектеп оқушылармен аудандық негізінде келген қатынастарға сай шаралардың өтуіне атсалысты. Төмендегі кестеде Саға мектеп –балабақшасында 2018-2019 оқу жылында өткізілген сыныптан тыс шаралар көрсетілген.

№	Шаралардың атауы	Күні	Сыныптар
1	Зорлық-зомбылықтың алдын алу	6-14.09.2018	1-11
2	Қауіпсіз мектеп автобусы	15-20.10.2018	1-8
3	Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ	15.11-15.12.2019	1-11
4	Қазақстанның 100 есімі	14.01-18.01.2019	2-9
5	Рәміздерді қолдану	11-15.02.2019	1-11
6	Қыздар арасында...	18-22.02.2019	5-11
7	Қауіпсіз интернет	4-17.04.2019	1-11
8	Ауған соғысына 30 жыл	15-19.04.2019	8-11

Зорлық – зомбылықтың алдын алу мақсатында мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие саласы мамандары тақырып аясында сыныптан тыс шаралар ұйымдастырды. Жолдағы қауіпсіздік алдын алу мақсатында мектепте апталық жұмыс ұйымдастырылды. апталық барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие саласы мамандары мектеп оқушылармен тақырып аясында сыныптан тыс жұмыстар, спорттық шаралар өткізді. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Тақырып аясында сурет үйірмесімен сурет көрмесі өткізілді. Тәрбие саласы мамандары тақырып аясында сыныптан тыс жұмыстар өткізді. Қазақстанға еңбегі сіңірілген 100 тұлғамен таныстыру мақсатында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Мұнда оқушылар еліміздің дамуына өз үлестерін қосқан, өз жетіктері арқасында еліміздің туын шет елде желбіреткен тұлғалар туралы танысты. Рәміздер апталығында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие саласы мамандары рәміздерге байланысты мектеп оқушылары арасында түрлі сайыстар ұйымдастырды. «Кәусар» қыздар клубының

жұмысы негізінде мектепбімізде қыздар апталығы ұйымдастырылды. Апталық барысында тәрбие саласы мамандары медбике, тәлімгер, «Кәусар» қыздар клубының жетекшісі, психолог мамандары, үйірме жетекшілері тарапынан шаралар ұйымдастырылды. Апталық соңы қыздардың жиналысымен қорытындыланды. Онда қыздардың апта бойы қандай жұмыстарға қатысқандары талқыланды. Белсенділік танытқан қыз балалар марапатталды. Сонымен қатар қыз балалардың тазалығы туралы мәселелер қозғалды. «Қауіпсіз интернет» апталық жұмысында барлық сыныптарда тәрбие сағаттар өткізілді. Минуттық үзілістерде оқушыларға интернетті қауіпсіз түрде пайдалану мақсатында жадынамалар таратылды. «Ауған соғысының жабылуына 30 жыл» толу апталығының жұмыстары барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Сонымен қатар тарих пәні мұғалімдері тарихи мәліметтермен таныстырса, «Жас сарбаз» клубының жетекшісі мектеп оқушылары арасында тир ату, мықтыты шашып –жинау сайыстарын өткізді. Жоғарыда кестеде көрсетілген іс-шараларда білім алушылардың тақырып аясында жаңа білімді меңгеруде, салт-дәстүрлерімізді сақтауда, жалпыадамзаттық құндылықтар аясында қоршаған ортаны қорғаудағы шаралар қамтылған апталық, онкүндік, айлық жұмыстарды өткізуде сынып жетекшілер, тәрбие саласының мамандары белсенділік танытты. Олардың өз жоспарларында да осы шаралар аясында тақырыптар қойылған. Әрбір жаңа жұмысты өткізу алдында сынып жетекшілермен отырыс, тәрбие саласы мамандарымен отырыс өткізіледі. Алдын ала қандай жұмыстар қамтылатындығы айтылады. Сынып жетекшілер жаңа мәліметтерді қамтитын танымдық сабақтар, тәрбие саласы мамандары (психолог, тәлімгер, әлеуметтік педагог, кітапханашы, үйірме жетекшілері, АӘД жетекшісі) өз бағыттары бойынша жұмыстарын ұйымдастырып өткізеді.

Саға мектеп-балабақшасында 2019-2020 оқу жылындағы жұмыстар жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған, өз Отанын, елін, жерін құрметтейтін, салт-дәстүрін ұмытпай жаңғырту мақсатында жұмыс жасайтын тұлғаны қалыптастыру мақсатында тәрбие жоспары құрылды. Тәрбие жоспарын жасауда басшылыққа алынған құжаттарға 2019-2020 жылы оқу жылында арналған жылдық тәрбие жоспары, 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатының тәрбие бөлімі бойынша, Қазақстан Республикасының Білім мен ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Қ.Р Үздіксіз Білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы облыстық білім басқармасының 19.08.2019 жылғы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысы бойынша 2019-2024 жылдарға арналған тәрбие жұмысының бағытты бағдарламасын басшылыққа алып негізінен 8 бағытта жасалды. Тәрбие жоспарында сабақтастық тұтастық жүйелілік қағидалары сақталған. Әр бағытты жүзеге асыруда іс-шаралар жоспарланған. Сонымен қатар іс-шаралардың ұйымдастыру нысандары мен әдіс-тәсілдері мектеп оқушыларының өз ерекшеліктері мен тәжірибесіне байланысты көрсетілген. Ақтөбе облысында жастар мен балаларға тәрбие берудегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР «Білім туралы Заңы», Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие беру концепциясы, «ҚР-ның бала құқығын қорғау», «Балалар құқығы» Концепциясы, «Діни қызмет діни бірлестік ҚР», «Неке және отбасы», «ҚР азаматтарының денсаулығын қорғау туралы», ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 арналған мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасының «Жасыл экономика» көшу жөнінде 2013-2020 жылдар арналған тұжырымдама; Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы; «Барлық білім беру ұйымдарында оқытудың тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі кешенді жоспары»; Қазақстан-2020: болашаққа жол ҚР мемлекеттік жастар саясаты 2020

тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы басшылыққа алынады. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты тәрбие жүйесінің жаңа форматтағы жобалары енгізілді.

Төмендегі кестеде Саға мектеп – балабақшасы 2019-2020 оқу жылында өткізілген дәстүрлі мерекелік шаралар көрсетілген.

№	Шаралардың атауы	Күні	Сыныптар
1	1 қыркүйек «Білім күні» шарасы	1.09.2019	1-11
2	Ұстаз –жарық күні ғаламның	30.09-4.10.2019	1-11
3	Елін сүйген елбасы	25-29.11.2019	1-11
4	Тұғырлы болсын – Тәуелсіздік	9-13.12.2019	1-11
5	Ана деген теңдесі жоқ ұлылық	2-6.03.2020	1-11
6	1 мамыр Халықтар достығы күні	27-30.04.2020	1-11
7	Мен Жеңіс мұрагерімін!	4-8.05.2020	1-11

1 қыркүйек Білім күніне орай барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Ашық тәрбие сағатына қонақтар шақырылып тақырып аясында мәліметтермен бөлісілді. «Ұстаздар күні» мерекесі аясында мектепшілік апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаттары өткізілді. «Жас Ұлан» ұйымы мүшелері ұстаздарды құттықтау мақсатында мерекелік ашық хаттар жасап құттықтады. Апталық соңы мерекелік жиынмен қорытындыланды. Елбасы күніне орай апталық жұмыс мектебімізде ұйымдастырылды. Апталық жұмыс барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаттар ұйымдастырылды. Сонымен қатар мектеп кітапханашысы Елбасы туралы кітап көрмесін ұйымдастырса, тәрбие саласының басқа мамандары Елбасы туралы сыныптан тыс шаралар, интеллектуалды сайыстар өткізді. Тәуелсіздік мерекесіне орай мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық жұмыс жоспарына сай барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаттар ұйымдастырылды. Тәрбие мамандары мектеп оқушыларымен бірлесе отырып Тәуелсіздік тақырыбы аясында сыныптан тыс жұмыстар, спорттық шаралар, кездесулер, интеллектуалды тарихи сайыстар ұйымдастырып өткізді. 8 наурыз мерекесіне орай мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық жұмыс барысында барлық сыныптарда аналар, әжелер, жеңгелерді қонаққа шақырып ашық тәрбие сағаты өтті. Тәрбие саласы мамандары буындар арасындағы қыз балалармен сайыстар ұйымдастырды. Спорттық шаралардан «Мерген ару», волейболдан жарыстар ұйымдастырылды. Еліміздегі пандемиялық жағдайға байланысты 22 наурыз шарасы ұйымдастырылмағанымен 1 мамыр шарасы онлайн форматта өткізілді. Сыныптарға жылдағы дәстүр бойынша өзге ұлт өкілдері бөлініп берілді. Сынып оқушылар өзге ұлт өкілдерінің киімдерін киіп, тағамдарын дайындап, өнерлерін онлайн форматта көрсете білді. 9 мамыр Жеңістің 75 жылдығына орай мектебімізде жылдық жоспар құрылған болатын Жылдық жоспар аясында көптеген іс-шаралар Жеңістің 75 жылдығына арналып өткізілді. «Біз - Жеңіс мұрагеріміз» тақырыбындағы жұмыстар қаңтар айынан бастау алып өз жұмыстарының соңын онлайн форматта аяқтады. Жұмыстарға белсенді қатысқан оқушылар онлайн форматта марапатталды. Тәрбие саласының мамандары қаңтар айынан мамыр айының 9 на дейін өз жұмыстарын жоғары деңгейде ұйымдастыра алды. Саға мектеп – балабақшасында сыныптан тыс шаралар өз уақытында өтіп отырды. Сынып жетекшілер мектеп оқушылармен аудандық негізінде келген қатынастарға сай шаралардың өтуіне атсалысты. Төмендегі кестеде Саға мектеп –балабақшасында 2019-2020 оқу жылында өткізілген сыныптан тыс шаралар көрсетілген.

№	Шаралардың атауы	Күні	Сыныптар
1	Отбасы – бақыт мекені	16-20.09.2019	1-11
2	Қауіпсіз мектеп	23-27.09.2019	1-11
3	Экологиялық сағат	30.09-4.10.2019	1-11

4	Қыздар апталығы	7-11.10.2019	1-11
5	Адалдық алаңы	14-18.10.2019	1-11
6	Діни сауатты болайық!	21-25.10.2019	1-11
7	Зорлық – зомбылықтың алдын алу	11-15.11.2019	1-11
8	Рәміздерім -мақтанышым	9-13.12.2019	1-11
9	Жол ережесін сақтай білейік	20-24.01.2020	1-11
10	Абай – 175 жыл	27-31.01.2020	1-11

«Отбасы – бақыт мекені» апталық жұмысы дәстүр бойынша мектебімізде өткізілетін алғашқы апталық жұмыстардың бірі болуда. Осы апталық аясында мектебіміздің жұмыстарына ата-аналар қауымы белсенді түрде қатысады. Барлық сыныптарда ата-аналардың қатысуымен ашық тәрбие сағаттар ұйымдастырылды. Тәрбие саласы мамандары тақырып аясында түрлі шаралар өткізді. Мектебімізде «Қауіпсіз мектеп» апталығы ұйымдастырылды. Мұнда оқушыларға мектепке жету жолында қауіпсіздік сақтау жолдарын таныстыру мақсатында ашық тәрбие сағаттар өткізілді. Сонымен қатар тәрбие саласы мамандары тақырып аясында қызықты шаралар ұйымдастыра білді. Оқушылар флешмоб билеп, жолда жүру ережелерін есте сақтап, мектептегі келеңсіз оқиғалар аясында өзін алып шығу жолдары айтылды. Мектебімізде «Экологиялық сағат» апталық жұмысы өте белсенді түрде ұйымдастырылды. Апталық жұмыс барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаттары ұйымдастырылса, тәрбие саласы мамандарымен бірге ағаш отырғызу, аула тазалау жұмыстары еріктілер жұмысы аясында жүрді. Мектеп оқушылары аталған шараларға ерікті түрде келіп белсенділік таныты. «Кәусар» қыздар клубының жұмысы аясында мектебімізде қыздар апталығы ұйымдастырылды. Апталық барысына тәрбие саласы мамандары ат салысты. Олар қыздар арасында түрлі кездесулер, қызықты ойындар, танымдық сабақтар, сайыстар ұйымдастырып өткізді. Қыздардың тазалығы, ұқыптылығы, белсенділігі, оқу үлгерімі тақырыптары аясында кездесулер өткізілді. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Сонымен қатар үйірме жұмыстарынан тақырып аясында сурет көрмесі өткізілді. Тәрбие саласы мамандары кездесулер, конференциялар ұйымдастырды. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие саласы мамандары ауыл имамымен кездесу ұйымдастырды. Оқушылар өз көкейлерінде жүрген сұрақты қойып жауаптарын ала алды. Зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық жұмыс барысында барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Сыныптармен тәрбие саласы мамандары түрлі деңгейдегі сыныптан тыс шаралар ұйымдастырды. Рәміздерді насихаттау мақсатында мектепшілік апталық жұмыс ұйымдастырылды. апталық барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие саласы мамандары тақырып аясында сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырып өткізді. Жол қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие саласы мамандарымен мектеп оқушылары түрлі деңгейдегі сыныптан тыс жұмыстарға белсене қатысып қызығушылықтар танытты. Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық жұмыс барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Мектеп мұғалімдерімен конференция жұмысы ұйымдастырылса, тәрбие саласы мамандары мектеп оқушылармен Абай Құнанбайұлы туралы түрлі деңгейдегі шаралар кездесулер, сайыстар, сурет көрмелері, кітап көрмелерін ұйымдастырды. Жоғарыда кестеде көрсетілген іс-шараларда білім алушылардың тақырып аясында жаңа білімді меңгеруде, салт-дәстүрлерімізді сақтауда, жалпыадамзаттық құндылықтар аясында қоршаған ортаны қорғаудағы шаралар қамтылған апталық, онкүндік, айлық жұмыстарды өткізуде сынып жетекшілер, тәрбие саласының мамандары

белсенділік танытты. Олардың өз жоспарларында да осы шаралар аясында тақырыптар қойылған. Әрбір жаңа жұмысты өткізу алдында сынып жетекшілермен отырыс, тәрбие саласы мамандарымен отырыс өткізіледі. Алдын ала қандай жұмыстар қамтылатындығы айтылады. Сынып жетекшілер жаңа мәліметтерді қамтитын танымдық сабақтар, тәрбие саласы мамандары (психолог, тәлімгер, әлеуметтік педагог, кітапханашы, үйірме жетекшілері, АӘД жетекшісі) өз бағыттары бойынша жұмыстарын ұйымдастырып өткізеді.

Саға мектеп-балабақшасында 2020-2021 оқу жылындағы жұмыстары елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Болашақта ел тізгінін ұстар азаматтар - бүгінгі мектеп оқушылары» сөзін негізге ала отырып жасалған. «Ұлт болашағы білімді ұрпақ қолында» деп әрдайым айтқан сөзі дәлел. Шын мәнінде бүгінгі жас - ертеңгі елдің мызғымас тірегі, келешек келбеті. Сол себепті олардың білімді, бәсекеге қабілетті, жан-жақты әлеуметтенуі ел дамуындағы аса маңызды фактор болып табылады. Сондықтан білім алушылар арасында осы факторды шешуде, тәрбие жұмысын жоғары деңгейге ұйымдастыруда және жүзеге асыруда төмендегі негіздемелер жұмыс жоспарын құруда алынатыны сөзсіз. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хаты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс –шаралар жоспары; Ақтөбе облысы білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыз № 252 санды, Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы № 255 бұйрығы және Ақтөбе облысы білім басқармасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қоғам құндылығы» арнайы жобасының 2020-2025 жылдары жүзеге асыруға арналған іс-шаралар жоспарын басшылыққа ала отырып, мектебімізде тәрбие жұмысының іс-шаралар жоспары 8 бағыт бойынша жасалынған. Жоспар мектептің қоғамдық беделін көтеруге, қазіргі заманғы тәжірибе және ұлттық дәстүр негізіндегі тәрбие құрылымы мен мазмұнын жаңартуға, тәрбие және оқу процесін үйлесімділікті қолдануға, қоғамдық және отбасылық тәрбиеге бағытталған. Саға мектеп-балабақшасында 2020-2021 оқу жылы бойынша көптеген апталық, онкүндік, айлық жұмыстар ұйымдастырылды. Жұмыстарға барлық сыныптар түгелдей қатысты. Барлық сыныптарда тәрбие сағаттар, сыныптан тыс жұмыстар, бюайқаулар, тб шаралар ұйымдастырылды. Шараларды сынып жетекшілермен бірге тәрбие мамандары да ұйымдастырып отырды. Тәрбие сағаттар мектепте өткізіліп отырылса, шаралардың көбісі онлайн форматта ұйымдастырылды. Жүргізілген жұмыстар төмендегі кестеде көрсетілген.

№	Мерзімі	Тақырыбы	Түрі	Жауапты
1	1.09.2020	Білім және ғылым: жаңа оқу жылының ерекшеліктері	Тәрбие сағаттар	Сынып жетекшілер
2	1-09.09.2020	Жол ережелерін сақтайық	Тәрбие сағаттар, сыныптан тыс жұмыстар	Сынып жетекшілер, тәрбие мамандары
3	14-08.09.2020	Отбасы –бақыт мекені	Тәрбие сағаттар, сыныптан тыс жұмыстар	Сынып жетекшілер, тәрбие

				мамандары
4	28.09-2.10.2020	Ұстаз-жарық күні ғаламның	Тәрбие сағаттар, сыныптан тыс жұмыстар	Сынып жетекшілер, тәрбие мамандары
5	23-30.11.2020	Елбасы – елдің тірегі	Тәрбие сағаттар, сыныптан тыс жұмыстар	Сынып жетекшілер, тәрбие мамандары
6	7-11.12.2020	Өрт қауіпсіздігі ааптасы	Тәрбие сағаттар, сыныптан тыс жұмыстар	Сынып жетекшілер, тәрбие мамандары
7	14-15.12.2020	Жасай бер, жаса- Тәуелсіз ел Қазақстан	Тәрбие сағаттар, сыныптан тыс жұмыстар	Сынып жетекшілер, тәрбие мамандары
8	16-20.11.2020	Жалпыазаматтық құндылықтар Күні	Тәрбие сағаттар, сыныптан тыс жұмыстар	Сынып жетекшілер, тәрбие мамандары
9	25-28.12.2020	Жаңа жылдық тәрбие сағаттар	Тәрбие сағаттар	Сынып жетекшілер
10	25.01- 01.02.2021	Қауіпсіз автобус	Тәрбие сағаттар	Сынып жетекшілер
11	22.02- 01.03.2021	Алғыс айтамын сізге!	Тәрбие сағаттар, сыныптан тыс жұмыстар	Сынып жетекшілер, тәрбие мамандары
12	1-05.03.2021	Ана деген теңдесі жоқ ұлылық!	Тәрбие сағаттар, сыныптан тыс жұмыстар	Сынып жетекшілер, тәрбие мамандары
13	14-23.03.2021	Наурыз шуағы	Тәрбие сағаттар, сыныптан тыс жұмыстар	Сынып жетекшілер, тәрбие мамандары
14	19.04.2021	Өрт қауіпсіздігінің алдын алу	Тәрбие сағаттар	Сынып жетекшілер
15	19-23.04.2021	Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығы	Тәрбие сағаттар, сыныптан тыс жұмыстар	Сынып жетекшілер, тәрбие мамандары
16	30.04.2021	1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні	Тәрбие сағаттар	Сынып жетекшілер
17	7.04-9.05.2021	Патриот айлығы	Тәрбие сағаттар, сыныптан тыс жұмыстар	Сынып жетекшілер, тәрбие мамандары
18	25.05.2021	Құлақтан үнің кетпестей сыңғырла	Тәрбие сағаттар	Сынып жетекшілер

		соңғы қоңырау		
--	--	---------------	--	--

Өрт қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық жұмыс барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие саласы мамандары мектеп оқушыларымен тақырып аясында түрлі деңгейдегі сайыстар мен өрт қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында танымдық сабақтар өткізді. Ыбырай Алтынсарин апталығы аясында мектебімізде барлық сыныптарда тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Сонымен қатар тәрбие саласы мамандары Ы.Алтынсариннің өмірі, жазған өлеңдері аясында түрлі деңгейдегі танымдық сабақтар өткізді. Минуттық үзілісте оқушыларға Ы.Алтынсарин туралы бейнекөріністер көрсетілді. Еліміздегі жағдайға байланысты мектепшілік жаға жыл мерекесі жылдағынан өзгеше ұйымдастырылды. Оқушылар барлық санитарлық талапты сақтай отырып кабинеттерде тек жәй тәрбие сағаты түрінде ұйымдастырылды. Аудан әкімі тарапынан ұйымдастырылатын шырша онлайн форматта өтті. Оқушылардың сыйлықтары ауылға беріп жіберілді. Жол ережелерін сақтау мақсатында мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие саласы мамандары тақырып аясында түрлі деңгейдегі сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырды. 8 наурыз мерекесіне орай мектепшілік апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Жылдағы дәстүр бойынша аналарыз бен әжелеріміз шақырылмады. Мектеп қызметкерлеріндегі әйел адамдарды оқушылар мерекемен құттықтап ашық хаттар табыстады. 22 наурыз мерекесі әр сыныпта жеке өткізілді. Оқушылар сыныпшінде өздері ұлттық киім киіп, ән айтып, би билеп, ұлттық тағамдар туралы мәліметтермен танысты. Жоғарыда кестеде көрсетілген іс-шараларда білім алушылардың тақырып аясында жаңа білімді меңгеруде, салт-дәстүрлерімізді сақтауда, жалпыадамзаттық құндылықтар аясында қоршаған ортаны қорғаудағы шаралар қамтылған апталық, онкүндік, айлық жұмыстарды өткізуде сынып жетекшілер, тәрбие саласының мамандары белсенділік танытты. Олардың өз жоспарларында да осы шаралар аясында тақырыптар қойылған. Әрбір жаңа жұмысты өткізу алдында сынып жетекшілермен отырыс, тәрбие саласы мамандарымен отырыс өткізіледі. Алдын ала қандай жұмыстар қамтылатындығы айтылады. Сынып жетекшілер жаңа мәліметтерді қамтитын танымдық сабақтар, тәрбие саласы мамандары (психолог, тәлімгер, әлеуметтік педагог, кітапханашы, үйірме жетекшілері, АӘД жетекшісі) өз бағыттары бойынша жұмыстарын ұйымдастырып өткізеді. 2020-2021 оқу жылының бір ерекшеліктерінің бірі ол «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Қоғам құндылығы» жобасының енуі еді. Бұл жоба өз ішінде 4 «Дәстүр мен ғұрып», «Еңбек – елдің мұраты», «Құқықтық мәдениет», «Үнем – қоғам қуаты» атты арнайы жобаларды біріктірді. Бұл арнайы жобалар аясында мектепшілік тәрбие сағаттар, сыныптан тыс жұмыстар, челленждер, т.б. жұмыстар ұйымдастырып отырылды. Саға мектеп-балабақшасында 2020-2021 оқу жылында жүргізілген жұмыстардың барлығында санитарлық талаптар қатаң сақталды. Оқушылар арақашықтық сақтау, маска тағу талаптарын орындап жүрді.

Саға мектеп-балабақшасында 2021-2022 оқу жылындағы жұмыстар жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған, өз Отанын, елін, жерін құрметтейтін, салт-дәстүрін ұмытпай жаңғырту мақсатында жұмыс жасайтын тұлғаны қалыптастыру мақсатында тәрбие жоспары құрылды. Тәрбие жоспарын жасауда

басшылыққа алынған құжаттарға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хаты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс –шаралар жоспары; Ақтөбе облысы білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыз № 252 санды, Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы № 255 бұйрығы және 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы; 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы; 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі; 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы; 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы; 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы; 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы; 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері іс-шаралар жоспарын басшылыққа ала отырып, мектебімізде тәрбие жұмысының іс-шаралар жоспары 8 бағыт бойынша жасалынған. Төмендегі кестеде 2021-2022 оқу жылының желтоқсан айына дейінгі өткізілген шаралар қамтылған.

№	Апталық атауы	Мерзімі	Сыныптар
1	Кел, балалар оқылық!	1.09.2021	1-11
2	Отбасы – бақыт мекені	6-11.09.2021	1-11
3	Жолда абай болыңдар!	13-18.09.2021	1-11
4	Ұстаз деген – ұлылықтың ұлысы	27.09-1.10.2021	1-11
5	Зорлық – зомбылықсыз 16 күн!	4-9.10.2021	1-11
6	Дені саудың – жаны сау	18-23.10.2021	1-11
7	Өрт – тілсіз жау	25-30.10.2021	1-11
8	Бала құқығы – адам құқығы	15-20.11.2021	1-11
9	Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті	22-27.11.2021	1-11
10	1 желтоқсан ҚР Тұңғыш Президенті күні	29.11-4.12.2021	1-11
11	Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы		
12	Мектепшілік жаңа жыл мерекесі	25-29.12.2021	1-11

1 қыруйек «Білім күні» мерекесі аясында мектебімізде тек 1-сынып оқушылары үшін мерекелік жиын ұйымдастырылды. Жиында оқушылар «Әліппе» оқулығы мен

демеушілікпен келген сөмкені алды. Қалған сыныптарда тақырып аясында тәрбие сағаты өткізілді.«Отбасы – бақыт мекені» апталық жұмысы мектебімізде алғашқы апталық жұмыстардың бірі болып ұйымдастырылды. Апталық жұмысы барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие саласы мамандары тақырып аясында тек оқушылармен сыныптан тыс шаралар ұйымдастырды. Жол қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие саласы мамандарымен сурет көрмесі, сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылды.


Ұстаз апталығы мектебімізде биылғы жылы да өз жалғасын тапты. Тақырып аясында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Мектеп ұландары өздері дайындаған ашық хаттарымен мектеп ұстаздарын мерекемен құттықтады. Зорлық – зомбылықтың алдын алу мақсатында апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық жұмыс барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие саласы мамандарымен сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Мектебімізде өз денсаулықтарын күтіп-баптау мақсатында денсаулық апталығы өткізілді. Мұнда оқушылар қазіргі таңдағы короновирустың алдын алу мақсатында тәрбие сағаты өткізді. Денсаулық саласы мамандарымен түрлі кездесулер ұйымдастырып спорттық шаралар өткізілді. Өрт қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаттар өткізілді. Тәрбие саласы мамандарымен сыныптар тыс жұмыстар өткізілді. Балағын құқығын қорғау, бала өз құқығын білу керек деген мақсатта мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныпта тәрбие сағаттар өткізілді. Тәрбие саласы мамандары балалармен тақырып аясында сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырып өткізді. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында апталық жұмыс мектебімізде ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныпта тәрбие сағаттар өткізілді. Тәрбие саласы мамандары тақырып аясында мектеп оқушыларымен сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырды. Елбасы аптылығы мектебімізде биылда ұйымдастырылды. Барлық сыныптарда тәрбие тақырып аясында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Тәрбие саласы мамандары мектеп оқушылар тақырып аясында кітап көрмесін, интеллектуалды сайыстар өткізді.Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай мектебімізде жылдық жұмыс басталған болатын. Жоспар аясында 30 жылдыққа 30 жұмыс ұйымдастырылып өткізілді. Барлық сыныптарда тәрбие сағаты, тәрбие саласы мамандарымен түрлі деңгейдегі сайыстар, көрмелер, конференциялар, дебат жұмысы, спорттық сайыстар тб жұмыстар ұйымдастырылып өткізілді. Жұмыс соңы тарихи кешпен қорытындыланды. Жоғарыда кестеде көрсетілген іс-шараларда білім алушылардың тақырып аясында жаңа білімді меңгеруде, салт-дәстүрлерімізді сақтауда, жалпыадамзаттық құндылықтар аясында қоршаған ортаны қорғаудағы шаралар қамтылған апталық, онкүндік, айлық жұмыстарды өткізуде сынып жетекшілер, тәрбие саласының мамандары белсенділік танытты. Олардың өз жоспарларында да осы шаралар аясында тақырыптар қойылған. Әрбір жаңа жұмысты өткізу алдында сынып жетекшілермен отырыс, тәрбие саласы мамандарымен отырыс өткізіледі. Алдын ала қандай жұмыстар қамтылатындығы айтылады. Сынып жетекшілер жаңа мәліметтерді қамтитын танымдық сабақтар, тәрбие саласы мамандары (психолог, тәлімгер, әлеуметтік педагог, кітапханашы, үйірме жетекшілері, АӘД жетекшісі) өз бағыттары бойынша жұмыстарын ұйымдастырып өткізеді. 2021-2022 оқу жылында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Қоғам құндылығы» жобасы өз жалғасын табуда. Бұл жоба өз ішінде 4 «Дәстүр мен ғұрып», «Еңбек – елдің мұраты», «Құқықтық мәдениет», «Үнем – қоғам қуаты» атты арнайы жобаларды біріктірді. Бұл арнайы жобалар аясында мектепшілік тәрбие сағаттар, сыныптан тыс жұмыстар, челленджер, т.б. жұмыстар ұйымдастырып отырылды. Өткізілген іс-шаралар уақытылы Саға мектеп-балабақшасының инстграмм әлеуметтік желісінде 2019 жылдың мамыр айынан бастап жарияланып отырылды. Әлеуметтік парақша атауы: **sagambb**.

5) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі):

Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық – патриоттық, көркемдік – эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі)

Саға мектеп-балабақшасында 2017-2018 оқу жылында *рухани – адамгершілік тәрбиесін* іске асыру бағытында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жұмыстар жасалды. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жұмыс ең алдымен діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстарын насихаттаушы ақпараттық топтың құрамын құрумен басталды. Топ құрамы құрылған соң жұмыс жоспары құрылған болатын. Жоспар 7-11 сынып оқушылары арасында діни ағымдардан аулақ болу, толық түсінік алу мақсатында тәрбие сағаттары негізінде құрылған. Қыркүйек айында мектептің оқушылары мен ұстаздарына «Жастар діни экстремизм мен терроризмге қарсы» тақырыбында слайд-шоу көрсетілді. Қазан айында мектебіміздің педагог-психологі М.Баимбетова 10-11 сынып оқушыларынан «Терроризм актісінің қауіпі төнген жағдайда немесе терроризм актісі жасалған жағдайдағы мінез-құлық дағдысын анықтау» тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнамаға 10-сыныптан 7 оқушы, 11-сыныптан 11 оқушы қатысты. Терроризм актісінің қауіпі төнген жағдайда немесе терроризм актісі жасалған жағдайдағы мінез-құлық дағдысын анықтау мынадай көрсеткіштер бойынша жүргізілді.

- 1.Өте жақсы – 0
- 2.Жақсы – 7 оқушы
- 3.Қанағаттанарлық – 9 оқушы
- 4.Қанағаттанарлықсыз – 6 оқушы



Қараша айында 11 сынып оқушыларымен сынып жетекшісі З.Бисұлтанова «Діни экстремизм-ғасыр дерті» тақырыбында танымдық сабақ өткізді. Тақырыптық бейнебаян көрсетілді. Одан әрі оқушылармен кері байланыс жүргізіліп, ислам діні туралы түсінік берілді. Сабақ соңында оқушылардың қосымша ойы тыңдалды. Желтоқсан айында мектебіміздің әлеуметтік педагог м.а. М.Баимбетова 9-11 сынып оқушыларымен «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» тақырыбында тренинг жұмыстарын жүргізді. Алдымен оқушыларға «секта» ұғымы туралы түсінік берілді. Одан әрі «Мұны білу маңызды!» айдарымен оқушыларға есте сақтайтын 9 жадынама айтылды. Жадынаманы айту барысында оқушыларға қосымша сұрақтар болды. Сонымен бірге «Теріс ағымдағы түсініктер» айдарымен оқушылардың исламдағы теріс ұғымдар туралы пікірлеріне жауап берілді. Теріс бағыттағы діни ағымдардың мақсаттары айтылып, кері байланыс жүргізілді. Сабақ соңы «Бақыт ағашы» рефлексиясымен аяқталды. Қаңтар айында 10

сынып оқушыларымен сынып жетекшісі Г.Қойлыбаева «Жат ағымнан аулақ бол!» тақырыбында танымдық сабақ өткізді. Сабақ «Дін дегеніміз не?» сұрағымен басталды. Оқушылар өз ойларын жақсы жеткізе білді. Одан әрі мұғалім оқушыларға дін туралы мәтіндер оқыды. Тақырыпты негіздей түсетін бейнекөрініс көрсетті. Дін туралы газет-журналдарға шыққан мақалалардан үзінділер оқылды. Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізді. Ақпан айында 9 сынып оқушыларымен сынып жетекшісі А.Байгельдинова «Діни экстремизм бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» тақырыбында танымдық сабақ өткізді. Сабақ дөңгелек үстел ретінде ұйымдастырылғанымен танымдық сабақ ретінде өтті. Мұғалім алғы сөзінде діни экстремизм сөзінің негізін ашып алды. Өз ойларын жақсы жеткізе білді. Мұғалім сонымен қатар діни әдебиеттер туралы мағлұматтар берді. Сәуір айында 8 сынып оқушылармен сынып жетекшісі Л.Бикирова «Діни экстремизм зардаптары» тақырыбында сабақ өткізді. Сабақ басында мұғалім дін, терроризм туралы ойлар қозғады. Сабақ негізін ашу үшін бейнежазба көрсетті. Оқушылар өз пікірлерін айтты. Мұғалім одан әрі слайд арқылы «Мұны білу өте маңызды!» айдарымен 10 есте сақтайтын мәлімет келтірді. Сабақ соңы елбасы сөзімен қорытындыланды. Мамыр айында 7 сынып оқушылармен сынып жетекшісі М.Сундетова «Діни экстремизм дегеніміз не?» тақырыбында сабақ көрсетті. Сабақ барысында оқушыларға дін туралы түсінік берілді. Оқушылардан өздері естіп-білген діндер туралы сұралды. Оқушылар ислам және христиан діндерін білетін болып шықты. Оқушылар өз ойларын еркін жеткізді. Мектебімізде 9 сынып оқушыларымен «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы жүргізіледі. Курсты тарих пәні мұғалімі Т. Дүйсенғалиев жүргізеді. Мұғалім тарих пәнінің мұғалімі, қосымша дінтану курсын оқыған. Мектеп оқушыларынан діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстардың бірі ол смартфон ұстауға тиым салыну болды. Оқушылар смартфон ұстау арқылы діни ағымдағы түрлі фото, бейнежазбаларды көруі мүмкін. Сондықтан мектеп оқушылары мен ата-аналарына түсінік жұмыстары жүргізіліп, қол қойдырылып алды.

Саға мектеп-балабақшасы бойынша «Рухани-адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» бағдарламасын басшылыққа ала отырып 2017-2018 оқу жылына арнап ақпараттық топ құрылды. Ақпараттық топтың 2017-2018 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылып 1-11 сынып оқушыларын сыбайлас жемқорлықтың алдын –алу шараларына тарту мақсат етіп қойылды. Жоспар бойынша қыркүйек айында кәсіподақ төрайымы Л.Бикирова «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамаларын» таныстыру мақсатында мектеп ұжымымен отырыс өткізді. Мектеп директоры Т.Дүйсенғалиев мен тәрбие ісі орынбасары м.а. Г.Аккожина білім алушылардың ата-аналарынан заңсыз ақша жинауға жол бермеу бойынша түсінік жұмыстарын жүргізді. Қараша айында аға тәлімгер Г.Аккожина мектептің 10-11 сынып оқушыларымен «Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықты жою» тақырыбында дебат өткізді. Дебат барысында екі сыныптың оқушылары да өз ойларын ортаға еркін жеткізе білді. Мектеп кітапханашысы З.Бердіғалиева 8-9 сынып оқушыларымен «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында сыныптан тыс шара өткізді. Шара барысында оқушыларға жемқорлық туралы түсінік қалыптастырды. Оның алдын –алу, қауіпті жақтарын сипаттап өтті. Сонымен қатар ситуациялық сұрақтар қою арқылы оқушының өз бетімен шығу жолдарын анықтады. Мектеп психологына заңсыз түрде ақша жинамау мақсатында ұйымдастырылған «Сенім телефоны» мен «Сенім жәшігінің» жұмыстары тапсырылған болатын. Бірақ биылғы оқу жылында ешқандай арыз-шағымдар келіп түскен жоқ. Тарих пәндері мұғалімдерінің ұйымдастырылуымен 9-10 сынып оқушыларына «Жемқорлық – бұл кертартпалық» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді. Танымдық сабақ барысында оқушылар алдымен ортаға бір қағаз қойып жемқорлық туралы өз ойларын жазды. Одан әрі оқушылар үй тапсырмасын ретінде берліген сахналау бөлімін қойды. Көріністен соң оқушылар сұрақ-жауап қойып кері байланыс жүргізді. Оқушылар бірлесе отырып топтық

сұрақтарға жауап берді. Жемқорлыққа байланысты мысалдарды мұғалімдер слайд арқылы көрсетті. Сабақ соңында оқушылар сабақ басында жазған парақтарына қайта оралды. Оған өз ойларын қайта толықтырып, не алып тастады. Оқушыларымыз аудандық, облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы сурет байқауы, шығарма, эссе жазу байқауларына белсене қатысты. 8 сыныптың оқушысы А.Даденбаева облыстық «Дарын» ӨҒТО ұйымдастырған «Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті» шығарма байқауына қатысып 3 орын иеленді. Сонымен қатар мектебімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында ұйымдастырылған мектеп оқушыларының «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы жұмыс жасайды. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жылдық жұмыс жоспары құрылып, жұмыстар жүргізілуде. Аға тәлімгер Г.Аккожинаның ұйымдастыруымен мектепшілік «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – баршаға ортақ іс» тақырыбында след өткізілді. След барысында оқушылар эссе жазып, сурет салып, дөңгелек үстел ұйымдастырды. Сонымен қатар мектеп оқушылары аудандық «Адал ұрпақ» еріктілер клубтары қауымдастығының аудандық ІІ слетіне белсене қатысып «Сыбайлас жемқорлыққа STOP» бейнеролик конкурсынан І орынмен, осы след барысында жалпы есеппен команда бойынша ІІ орынмен марапатталып келді.

2017-2018 оқу жылында азаматтық-патриоттық тәрбиені іске асыру барысында «Жас ұлан» бірінғай балалар ұйымының жұмыс жоспарын аудандық жұмыс жоспарына сай жасадық. Ұландармен алғашқы жұмыс І қыркүйек күні «Мәңгілік Елде Білім күні» атты салтанатты жиын өтті. Жиынға мектебіміздің белсенді ұландары шықты. Ұландармен алғашқы жұмыс 4 қыркүйек күні мектепшілік Ұланбасын сайлау жұмысымен басталды. Үздік ұландармен жиын өткізіп мектепшілік Ұланбасылыққа сайлауға 7,8,9-сынып оқушылары қатыстырылды. 12-қыркүйек күні белсенді ұландармен «Жас ұлан» ұйымының кеңесін өткіздік. Кеңес барысында Ұланбасын сайлауы және «Жас ұлан» бірінғай балалар ұйымының комитет түрлерімен танысып, соларға сай ұландарды таңдап, сайладық. Ұланбасы 9-сынып оқушысы Тимурова Адина, Ұланбасы орынбасары: 8-сынып оқушысы Ақнұр Дәденбаева. Мәдени- тәрбиелік бөлім басылыққа 8-сынып оқушысы Бағдатова Аяжан, салауатты-өмір салты бөлім басылыққа 9-сынып оқушысы Болатова Гауһар, Әбдіқұлова Әсем. Сыртқы істер бөлім басылыққа 9-сынып оқушысы Мадешова Ақсамал, Егізбаева Гүлжайна. Ақпарат бөлім басылыққа 9-сынып оқушысы Төлепберген Ақжанар, ғылыми бөлім басылыққа 10-сынып оқушысы Кәдірғалиев Асланбек сайладық. Оқушыларға өз міндеттері мен құқықтарын түсіндіріп өттім. 22-қыркүйек күні тіл мерекесіне орай 2-4, 7-9 сынып оқушылар арасында «Тіл менің тірлігімнің айғағы» мәнерлеп оқу сайысын өткіздім. Отбасы күніне 5-6 сынып аралығында «Менің отбасым-менің қорғаным», «Спрот-денсаулық кепілі» атты көңілді эстафета ойындары өткізілді. І қазан қарттар күніне орай «Қарттарым асыл қазынам» атты мерекелік шығын концерт ұйымдастырылды. Ауылдағы қарттарымызды түгел шақырылды. Концерт соңында қарттарымызға мектеп ұжымы мен ауыл әкімі дайындаған сыйлықтарын табыстады. 25.09-2.10.2017 аралығында «Ғалымда дана да, бас иетін, Ұстазым асыл ғой қасиетің!» атты ұстаздар күніне апталық жұмыстар ұйымдастырылды. Ұстаздар мерекесіне жасұландықтар мерекелік концерт ұйымдастырды. Сонымен бірге мерекелік жиынға ардагер ұстаздар шақырылып құрмет көрсетілді. Қазан айында мектепшілік «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес- баршаға ортақ іс» слет өткіздім 5-9 сыныптар арасында ұйымдастырылды. Ауданда 25 қазан күні «Адал ұрпақ» еріктілер қауымдастығының аудандық ІІ слетіне белсене қатысып, командылық есеп бойынша ІІ орынмен марапатталды. «Сыбайлас жемқорлыққа STOP» бейнероликтен І орынмен марапатталды. І желтоқсан Қазақстан Республикасының президенті күніне орай «Елбасы – елімен бірге» атты мерекелік жиын өтті. «Тәуелсіздік – бастау бар бақытың» тәуелсіздік күні орай мерекелік жиын және «Біз – елдің ертеңі!» «Жас Ұлан» ұйымының салтанатты қабылдау жиыны өтті. «Жас Ұлан» ұйымына 4 оқушы, жас қыранға 7 оқушы қабылданды. Галустук, төс белгілері тағылды. «Патриот» 9 мамыр Жеңіс күніне орай шеруге шығып, мерекелік жиын және «Мәңгілік ел ұландары!» «Жас ұлан» және «Жас қыран» ұйымының

салтанатты қабылдау жиыны өтті. «Жас Ұлан» ұйымына 3 оқушы, жас қыранға 8 оқушы қабылданды. Галустук төс белгілері тағылды. Аудандық «Ай,керім 2018» ауданаралық жас модельдер байқауына Төлепберген Ақжанар қатысып Алғыс хатпен марапатталды. 16 мамыр күні «Жол қозғалысының жас инспекторлары» аудандық слетіне 7-8 сынып оқушылары қатысып «Жол ережесінің білгірі» номинациясын иеленді.

Азаматтық –патриоттық тәрбиені жоспарлау мақсатындағы жұмыстың бірі ол «Жас сарбаз» клубы. «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының жылдық жұмыс жоспары 8-10 сынып оқушыларына арналып жасалған. Жоспарлау уақытында оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, тақырыптар таңдалған. Қазіргі кездегі тәрбиенің бір бағыты ол – патриоттық тәрбие. Оқушыларды Отансүйгіштікке баулу, барлық буындағы ең өзекті мәселе. Оның ішінде патриоттық тәрбиенің әскери саламен байланыстыру балалар үшін өте қызықты тақырып болмақ. Клубтың негізгі мақсаты оқушылар арасында әскери мамандықты кеңінен насихаттау, елдің тарихын ұғындыру, батырлар өмірімен таныстыру, Қазақстанның армиясымен таныстыру, жанындағы адамдардың жақсылығын бағалау алу, қоғамдағы өз орнынді білу. Тақырып барысында түрлі деңгейдегі сайыстар ұйымдастырылған.

Саға мектеп-балабақшасында 2017-2018 оқу жылында көркем-эстетикалық тәрбиені іске асыру мақсатында көптеген жұмыстар жүргізілді. Атап айтсақ «Кәусар» қыз балалар клубының жұмысы. «Кәусар» қыз балалар клубы мектебіміздегі қыздармен жұмыс жүргізетін клубтың бірі. Жетекшісі Г.Қойлыбаева. Жылдық жоспар құрылып, жұмыстары уақытылы жүргізіліп отырылды. Жоспар бойынша оқу жылының басында алғашқы отырыс ұйымдастырылды. Мұнда қыздар жетекшімен бірге жылдық жоспарды талқылап, бекітуге ұсынады. Клубқа жаңадан қосылған қыздарға бойжеткен ережелерімен таныстырады. Қыркүйек айында «Қыз бала ұлттық ұяты, халықтың шырайы», «Ерте жүктіліктің ертеңі қандай?», «Әсемдік әлемінде» шаралары, қазан айында «Қыздар сұлу көрінен қылығымен», «Қыздарға арналған қарапайым кеңестер» шаралары, қараша айында «Өмір, қымбатсың маған!», «Жылу жүрек – жақсы тілек» шарасы, желтоқсан айында «Иманды қыз, аяулы ана», жарты жылдық қорытындысы жүргізілді. Қаңтар айында «Арулар аз болды ма атқа қонған?!...» тарихи шарасы, «Жастарға айтарым бар» шарасы, ақпан айында «Махаббат қызық мол жылдар» кітабын талқылау, наурыз айында «Көктем аруы» сайысы, сәуір айында «Достық – адал ниеттік», мамыр айында «Кәусар» қыздар клубының жылдық жұмысын қорытындылау, жыл бойына белсенділік танытқан қыз балаларды марапаттау шаралары ұйымдастырылды. «Кәусар» қыздар клубының жылына 5 рет отырысы уақытылы өткізіліп, хаттамасы жазылуда.

Бұл бағыттағы келесі бір жұмыстың түрі ол «Өнер» сәндік-қолданбалы ақысыз үйірмесі.Үйірме жұмысы аптасына 2 рет тек 1 топпен ғана жұмыс жасады. Мұнда қыз балаларға сәндік-қолданбалы өнердің қыр-сыры меңгертілді.

Саға мектеп-балабақшасы бойынша ұлттық дәстүрлі, мәдениетті, жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысының бірі ретінде ақысыз түрде жүргізілетін «Ән салайық!» вокал үйірмесінің жұмысы. Мұнда оқушылар 2 топ бойынша ән айту бағыты бойынша өздерінің өнерлерін шыңдап, бос уақыттарын тиімді өткізіп, түрлі деңгейдегі конкурстарға қатысып отырды. Үйірме жұмыстары арқылы мектепшілік түрлі байлаулар, тренингтер, ән шерулер ұйымдастырылып отырылды.

Бұл бағыттағы келесі бір жұмыстың бірі ол аналармен жұмыс. Мектебімізде «Ана-өмір шуағы» аналар мектебі өз жұмысын бастады. Құрамы сайланып, жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Мектебіміздің аналары мектепшілік барлық шаралардың басы-қасында жүреді. Жоспар бойынша іс-шаралармен қатар, жоспардан тыс сынып жетекшілердің жоспары бойынша, басқа да тәрбие саласы мамандарының жоспары бойынша барлық жұмыстарға белсенді қатысушылар. «Ана мен бала, ұстаз» арасындағы бірлескен жұмыстар жақсы нәтиже беруді. Аналар мектебінің құрамы жылына 3 рет отырыс өткізіп, қатысқан шараларға талдау жасайды. Сонымен қатар аналар мектебінің құрамы мектеп оқушыларының мектеп формасын сақтауына, салауатты салтын сақтауды


насихаттауға, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатындағы жұмыстарға белсене қатысып өз пікірлерін білдіріп отырады.

Саға мектеп-балабақшасында 2017-2018 оқу жылында еңбек және дене тәрбиесін іске асыру мақсатында төмендегі жұмыстар ұйымдастырылды. Мектеп оқушыларының бос уақыттарын тиімді пайдалану, каникул уақытында оқушыларының бос жүрмей тиімді іс-әрекетпен айналысуын қамтамасыз ету мақсатында спорт үйірмелерінен пионербол, теннис, волейбол үйірмелері ақысыз түрде жұмыс жасады. Оқушылар уақыты спорт үйірмелеріне қатысып отырды.

Еңбек және дене тәрбиесін іске асыру мақсатында ұйымдастырылған жұмыстардың бірі ол мектепте әкелер қауымымен бірлесе жұмыс жасау еді. Осыған орай мектебімізде «Әке жолы – ізгіліктің іздері» атты әкелер мектебі ашылды. Жылдық жоспары құрылып, жылына 3 рет отырысы ұйымдастырылып отырылды. Әкелермен байланысы отырып түңгі кезекшілік, мектепшілік шаралардағы кезекшілік, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатындағы жұмыстар, салауатты өмір салтын насихаттау барысындағы жұмыстарда әкелермен байланыс болды.

Саға мектеп-балабақшасында 2018-2019 оқу жылында рухани – адамгершілік тәрбиесін іске асыру бағытында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жұмыс ең алдымен діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстарын насихаттаушы ақпараттық топтың құрамын құрумен басталды. Топ құрамы құрылған соң жұмыс жоспары құрылған болатын. Жоспар 5-11 сынып оқушылары арасында діни ағымдардан аулақ болу, толық түсінік алу мақсатында тәрбие сағаттары негізінде құрылған. Қыркүйек айында мектеп оқушыларымен «Теріс ағымдағы діни экстремизм және терроризмнің қауіп қатері» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында мектеп оқушыларына слайд, бейнекөрініс көрсетілді. Қазан айында мектептің педагог-психологі М.Баимбетова «Терроризм актісінің қауіпі төнген жағдайда немесе терроризм актісі жасалған жағдайдағы мінез-құлық дағдысын анықтау» тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнамаға 10-сыныптан 5 оқушы, 11-сыныптан 7 оқушы қатысты. Терроризм актісінің қауіпі төнген жағдайда немесе терроризм актісі жасалған жағдайдағы мінез-құлық дағдысын анықтау мынадай көрсеткіштер бойынша жүргізілді.

- 1.Өте жақсы – 0
- 2.Жақсы – 4 оқушы
- 3.Қанағаттанарлық – 4 оқушы
- 4.Қанағаттанарлықсыз – 4 оқушы



Қараша айында 9 сынып оқушыларымен сынып жетекшісі А.Оралова «Дін және мәдениет» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағаты барысында оқушылар топқа бөлініп 5 турдан тұратын сайыс өткізді. Олар осы дін туралы «Самғау», «Дін және біз», «Кім тапқыр», «Қас қағым сәт», «Кездейсоқ марафон» турларында дін туралы білімдерін ортаға салды. Желтоқсан айында «Дін және шындық» тақырыбында сынып жетекшісі А.Ақбисенова 11 сынып оқушыларымен тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағаты барысында негізгі тақырыпты оқушылар ойталқыға салып, оқушылармен жақсы

пікірталас өткізді. Қаңтар айында 8 сынып оқушыларымен сынып жетекшісі М.Сундетова «Дінім менің - ислам» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Мұғалім оқушыларға алғаш сұрақ-жауап арқылы сабақты бастады. Одан әрі оқушыларға тақырыптың негізін ашу үшін «Шындық пен сұмдық» бейнефильмінен үзінді көрсетті. Бейнекөріністен соң оқушылар арасында кері байланыс жүргізілді. Тақырыпты негіздеу үшін мұғалім оқушылар үшін «Абайлаңыз секта!..... Дінімізге берік болайық!» тақырыптарында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сабақ соңында «Не істер едің?» тақырыбында оқушылар арасында жағдаяттық сұрақтар қойып, шешімін табу тапсырмалары орындалды. Ақпан айында 7 сынып оқушыларымен сынып жетекшісі М.Кенжеғазина «Дінімізге берік болайық» тақырыбында тәрбие сағатын өткізген болатын. Тәрбие сағаты дөңгелек үстел негізінде өткізілген болатын. Алғаш сынып жетекшісі оқушыларға ислам діні туралы шағын мағлұмат беріп өтті. Оқушылар одан әрі өз ойларын жалғастырды. Сынып оқушысы Бағдатова Аяулым «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» тақырыбында өлең жолдарын оқыса, Сағынай Нұрсерік «Бес парыз» тақырыбында өлең шумақтарын оқыды. Сабақты қорытындылау мақсатында сынып жетекшісі ислам діні туралы викториналық сұрақтар қойды. Наурыз айында 10 сынып оқушыларымен сынып жетекшісі А.Қартбаева «Діни экстремизм дегеніміз не?» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Сабақ тренинг, пікірталас негізінде өткізілді. Ең алғаш оқушыларға «Ислам діні – бейбітшілік дін» тақырыбында бейнекөрініс көрсетілді. Оқушылар бейнекөріністен кейін «Дін деген не?», «Қандай діндерді білесіздер?» деген сұрақтармен кері байланыс жасады. Талдаудан кейін тақырып негізін аша түсу үшін оқушыларға тағы «Қазақстан жастары діні экстремизм мен терроризмге қарсымыз» тақырыбында бейнекөрініс көрсетілді. Бейнекөріністен кейін оқушылармен «Террорлық әрекеттік белең алуы неліктен?» сұрағына кері байланыс жүргізілді. Мұғалім сонымен қатар оқушыларға «Мұны білу өте маңызды!» тақырыбында ереже ұсынды. Ереже барысында оқушыларға көптеген мәліметтер қамтылған парақша берілді. Сабақ соңы ситуациялық сұрақтармен қорытындыланды. Сәуір айында 5 сынып оқушыларымен сынып жетекшісі З.Бисұлтанова «Дінді қорғау, ұлтымызды қорғау» тақырыбында танымдық сабақ өткізді. Тәрбие сағаты барысында өзіміздің деніміз ислам діні туралы баяндалды. Оқушыларға ислам діні туралы көптеген қызықт әңгімелер айтылды. Сонымен бірге мұсылман қауым ұстану керек 5 парыз туралы айтылды. Сабақ соңы оқушылармен сұрақ-жауап әдісі арқылы қорытындыланып, аяқталды. Мамыр айында мектебіміздің 9-11 сынып оқушыларымен әлеуметтік педагог И.Дарменова «Діни экстремизм - ғасыр дерті» тақырыбында тренинг жұмыстарын өткізді. Тренинг барысында оқушылар өз ойларын ортаға салып, түрлі дін өкілдері туралы білімдерін қорытындылады. Мектебімізде 9 сынып оқушыларымен «Дінтану негіздері» курсы жүргізіледі. Курсты тарих пәні мұғалімі Т. Дүйсенғалиев жүргізеді. Мұғалім тарих пәнінің мұғалімі, қосымша дінтану курсын оқыған.

Саға мектеп-балабақшасы бойынша «Рухани-адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» бағдарламасын басшылыққа ала отырып 2018-2019 оқу жылына арнап ақпараттық топ құрылды. Ақпараттық топтың 2018-2019 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылып 1-11 сынып оқушыларын сыбайлас жемқорлықтың алдын –алу шараларына тарту мақсат етіп қойылды. Жоспар бойынша қыркүйек айында кәсіподақ төрайымы Л.Бикирова «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамаларын» таныстыру мақсатында мектеп ұжымымен отырыс өткізді. Мектеп директоры Т.Дүйсенғалиев мен тәрбие ісі орынбасары м.а. М.Кенжеғазина білім алушылардың ата-аналарынан заңсыз ақша жинауға жол бермеу бойынша түсінік жұмыстарын жүргізді. Мектеп психологына заңсыз түрде ақша жинамау мақсатында ұйымдастырылған «Сенім телефоны» мен «Сенім жәшігінің» жұмыстары тапсырылған болатын. Бірақ оқу жылында ешқандай арыз-шағымдар келіп түскен жоқ. Жыл бойы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында 5-11 сынып оқушыларымен сынып жетекшілері тәрбие сағаттар ұйымдастырды. Сонымен қатар мектебімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

мақсатында ұйымдастырылған мектеп оқушыларының «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы жұмыс жасайды. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жылдық жұмыс жоспары құрылып, жұмыстар жүргізілуде. Жасалған жұмыстардың бірі ретінде «Адалдық дүкенін» айтуға болады. Оқушылар өздері әкелген заттарды ақысын сатушысыз төлеп жүрді.«Адалдық әлемі» сурет көрмесінде оқушылар адалдық сөзін түсінуі бойынша суреттер салды.Аудан көлемінде өткізілген «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыс аясында мектеп оқушыларымен аудан әкімі «Әкімге 100 сауал» тақырыбында кездесу ұйымдастырды. Кездесуге мектебімізден 6 сынып оқушысы М.Сисекенов пен 9 сынып оқушысы А.Бағдатова қатысып келдіп, А.Бағдатова аудан әкімінің алғыс хатына ие болды.

2018-2019 оқу жылында азаматтық-патриоттық тәрбиені іске асыру барысында «Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Әр апта сайын апталық жиын ұйымдастырылады. Ұланбасшылыққа 9-сынып оқушысы Ақнұр Даденбаева тағайындалды. Оқушылардың күнделіктерін, оқу құралдарын, мектеп формасын күнделікті қадағалап тексеріп отырамын.

1-қыркүйек «Білім күніне» орай «Рухани жаңғыру – ұлттың болашағы» атты тақырыпта салтанатты жиынға ұландар өз дайындықтарымен келді. «Бақытты бала» жобасы аясында Отбасы күніне орай «Біз бақытты баламыз» тақырыбында кездесу өтті. Қазақстан Республикасының тілдер күніне байланысты «Тілім - тірегім» атты тақырыпта мәнерлеп оқу сайысы 5-сыныпта ұйымдастырылды. Оқушылар тапсырмаларды орындау кезінде пәнге деген қызығушылығының мол екендігін байқатты. «Ұстазыңды ұлықта» атты тақырыппен ұстаздарды құрметтеу, сыйлау мақсатында 1-11 сыныптар аралығында мерекелік жиын өтті. Мерекелік жиында мектеп оқушылары ұстаздарға жүрекжарды лебіздерін, тілектерін үш тілде құттықтаумен білдірді. 3-сынып оқушылары «Ұстаз» туралы өлең - шумақтарын мәнерлеп оқып, мерекелік әндер мен тамаша билерін ұсынды. Оқушыларға өз қолдарымен жасалған «Ардақтайық ұстазды» ашық хаттар көрмесі жасап тапсыру ұйымдастырылды. 7-8 сынып оқушылары арасында «Дінімізге берік болайық» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Сабақ барысында оқушылар дін туралы көптеген мәліметтер алып, слайд презентация қарап, бейне сюжет тамашалап, қойылған сұрақтарға ұтымды әрі тез жауап берді. Оқушылар қазіргі таңдағы дін мәселесі ауқымды екендігін өздерінің білгендері бойынша ортаға сала білді, тақырып бойынша білімдерінің бар екендігін байқатты. 4-сынып оқушыларымен «Бақытты балалық шақ» тақырыбында тренинг жұмысы өтті. Тренинг барысында балалар көңілді ойындар ойнап, тапсырмалармен жұмыстанды. Балалардың қызығушылықтарының жоғары дәрежеде екені анықталып отыр. Себебі, балалар психологиялық жаңаша өтілген тренингтер көбірек жүргізілсе, әсері «жоғары» болды деп пікірлерін еркін жеткізді.5-7 сынып оқушыларымен флешмоб биі ұйымдастырылды. Оқушылар флешмоб биін тамаша әуенге билеп, бір сергіп қалды. 1-желтоқсан Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті күніне орай «Мақтан тұтар ұлы тұлға» атты тақырыпта президентімізді ұлықтау, дәріптеу, құрметтеу мақсатында мерекелік жиын өтті. Мерекелік жиынға 5-сынып оқушылары дайындықтарымен келіп, Президентімізге арнап тақпақтарды жатқа айтып, әндер шырқады. 16-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесіне 27 жыл толуына байланысты «Тұғырлы болсын Тәуелсіздік» атты салтанатты жиын өтті. Салтанатты жиында 2 - сынып оқушылары «Жас қыран», ал 5-сынып оқушылары «Жас Ұлан» ұйымына қабылданды. Жас Ұлан ұйымына қабылданған оқушылар ант айтып, гимн хормен орындалып, оқушыларға төс белгі және галстук тағу рәсімі жүргізілді. Ақпан айында «Рәміздерім-ел тірегім» апталық жұмыс өткізілді. Мақсаты: Елтаңба,Ту,Әнұран ту туралы түсініктерін нығайту. Рәміздердің пайда болуы және тарихтағы маңызы жайлы түсініктерін дамыту.1-4 сынып оқушылары арасында «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық айшықты таңбасы» атты сабағымызда «Танысу» тренингімен бастадық.Әрі қарай «Ой қозғау»сұраққа жауап беру, топпен жұмыс,постермен жұмыс, «Рәміздер» тақырыбында сурет салу арқылы сабағымызды

қорытынды жасадық. 8-Наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Ана деген теңдесі жоқ ұлылық» атты мерекелік онкүндікте «Ұстаз.Ана.Бойжеткен» тақырыбында 9,10,11 сынып қыз балалар арасында сайыс түрінде шара өткізілді.Мақсаты: Ана жайлы тамаша сөздер,өлеңдер,әндер арқылы оқушылар ана еңбегін қадірлей білуге үйрету.Қыздарымыз өздерімен бірге аналарын,ұстаздарынымен шықты.Сәлемдесу,өз өнерін, ерекше үлгіде сән үлгісі,өздері дайындаған пайдалы кеңестер,үй тапсырмасына шебердің қолы ортақ,ас мәзірін дайындап көрсету арқылы қыздарымыз жоғары дәреже дайындықпен келген.Сайыс соңында I,II,III дәрежелі дипломмен марапаталып,сыйлықтар берілді.8 Наурыз Халықаралық аналар мерекесінде «Жас Ұлан» ұйымының оқушылары өздерінің аналарға деген өлең жолдарын,әндерін, билерін жолдады. Ауылдық кітапхана ұжымын,қарт әжелерді құттықтап өздерінің лебіздерін білдірді. 9 Мамыр Ұлы Жеңіс күніне орай ұйымдастырылған «Патриот» айлығында «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымына оқушыларды қабылдау өтті.Мақсаты: Оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғынып,патриоттық,Отан сүйгіштік сезімін дамыта отырып,ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу. Мектебіміздің озат,үлгілі шәкірті ретінде 2 сыныптан «Жас Қыран» ұйымына 8 оқушы, 5 сыныптан «Жас Ұлан» ұйымына 7 оқушы қабылданды. «Жас Ұлан» ұйымы қатарына қабылданған оқушыларға төсбелгі және галстук тағу үшін құрметпен ауыл әкімі, мектеп директоры және құрметті қонақтарымыз тақты. Ауданда жол қозғалысының жас инспекторлары жасақтарының командалық слеті өтті.ЖҚЖИ слетінің мақсаты: балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларын ескертужөніндегі жұмыстарды жетілдіру және балалар жол-көлік жарақаттануының алдын-алу мәселелеріне мүдделі ведомстволардың,ұйымдардың және жұртшылықтың назарын аудару.Жастар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты алдын-алу және патриоттық тәрбие беру. Оқушыларымыз «Жас реттеуші» туры бойынша команدامыздан Мұрат Шағатай инспектордың сұрақтарына жоғары дәрежеде жауап беріп, марапатталды. «Жол сақшы» командасы алғыс хатпен марапатталды. Қорыта айтқанда, атқарылған жұмыстар жоспар бойынша жүзеге асырылуда. Негізгі мақсатымыз – оқушыларымызға өмір құндылықтарын үгіттеу. Жалпы, тәуелсіз мемлекетіміздің тұғыры болар жасөспірімдеріміздің азаматтық тұрғыдағы белсенді патриоттық тұлғасын қалыптастыру бағытындағы барлық бірлескен іс-қимыл шаралары өзінің игі жалғасын тауып, Елбасы Жолдауынан туындайтын міндеттерді орындауда өзіндік тұрғысынан әсерінің оң болатындығына сенім мол.

Азаматтық –патриоттық тәрбиені жоспарлау мақсатындағы жұмыстың бірі ол «Жас сарбаз» клубы. «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының жылдық жұмыс жоспары 8-10 сынып оқушыларына арналып жасалған. Жоспарлау уақытында оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, тақырыптар таңдалған. Қазіргі кездегі тәрбиенің бір бағыты ол – патриоттық тәрбие. Оқушыларды Отансүйгіштікке баулу, барлық буындағы ең өзекті мәселе. Оның ішінде патриоттық тәрбиенің әскери саламен байланыстыру балалар үшін өте қызықты тақырып болмақ. Клубтың негізгі мақсаты оқушылар арасында әскери мамандықты кеңінен насихаттау, елдің тарихын ұғындыру, батырлар өмірімен таныстыру, Қазақстанның армиясымен таныстыру, жанындағы адамдардың жақсылығын бағалау алу, қоғамдағы өз орныңді білу. Тақырып барысында түрлі деңгейдегі сайыстар ұйымдастырылған.

Саға мектеп-балабақшасында 2018-2019 оқу жылында көркем-эстетикалық тәрбиені іске асыру мақсатында көптеген жұмыстар жүргізілді. Атап айтсақ «Кәусар» қыз балалар клубының жұмысы. «Кәусар» қыз балалар клубы мектебіміздегі қыздармен жұмыс жүргізетін клубтың бірі. Жетекшісі А.Қартбаева. Жылдық жоспар құрылып, жұмыстары уақытылы жүргізіліп отырылды. Жоспар бойынша оқу жылының басында алғашқы отырыс ұйымдастырылды. Мұнда қыздар жетекшімен бірге жылдық жоспарды талқылап, бекітуге ұсынады. Клубқа жаңадан қосылған қыздарға бойжеткен ережелерімен таныстырады. Қыркүйек айында «Ибалы қыз тәрбиесі», қазан айында «Қыздар гигиенасы жайлы кеңестер», «Қыз – өмірдің қызғалдағы», қараша айында «Қыз

тәрбиесінде», «Қыз қылығымен қылықты», желтоқсан айында «Қыз өссе елдің көркі» шаралары ұйымдастырылып, жарты жылдық қорытындыланды. Қаңтар айында «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атаған тағылым алмаған ұл жаман», «Өнерлінің қолы алтын», ақпан айында «Сұлулық сыры», «Достық пен махаббат», наурыз айында «Ару қыз» байқауы, сәуір айында «Өнерлі өрге жүзер» мамыр айында «Қызға қырық үйден тиым» шаралары ұйымдастырылып, жылдық жұмыс қорытындыланды.

Бұл бағыттағы келесі бір жұмыстың түрі ол «Өнер» сәндік-қолданбалы ақысыз үйірмесі. Үйірме жұмысы аптасына 2 рет тек үлкен 1 топпен ғана жұмыс жасады. Мұнда қыз балаларға сәндік-қолданбалы өнердің қыр-сыры меңгертілді.

Саға мектеп-балабақшасы бойынша ұлттық дәстүрлі, мәдениетті, жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысының бірі ретінде ақысыз түрде жүргізілетін «Ән салайық!» вокал үйірмесінің жұмысы. Мұнда оқушылар 2 топ бойынша ән айту бағыты бойынша өздерінің өнерлерін шыңдап, бос уақыттарын тиімді өткізіп, түрлі деңгейдегі

конкурстарға қатысып отырды. Үйірме жұмыстары арқылы мектепшілік түрлі байлаулар, тренингтер, ән шерулер ұйымдастырылып отырылды.

Бұл бағыттағы келесі бір жұмыстың бірі ол аналармен жұмыс. Мектебімізде «Ана-өмір шуағы» аналар мектебі өз жұмысын бастады. Құрамы сайланып, жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Мектебіміздің аналары мектепшілік барлық шаралардың басы-қасында жүреді. Жоспар бойынша іс-шаралармен қатар, жоспардан тыс сынып жетекшілердің жоспары бойынша, басқа да тәрбие саласы мамандарының жоспары бойынша барлық жұмыстарға белсенді қатысушылар. «Ана мен бала, ұстаз» арасындағы бірлескен жұмыстар жақсы нәтиже беруді. Аналар мектебінің құрамы жылына 3 рет отырыс өткізіп, қатысқан шараларға талдау жасайды. Сонымен қатар аналар мектебінің құрамы мектеп оқушыларының мектеп формасын сақтауына, салауатты салтын сақтауды насихаттауға, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатындағы жұмыстарға белсене қатысып өз пікірлерін білдіріп отырады.

Саға мектеп-балабақшасында 2018-2019 оқу жылында еңбек және дене тәрбиесін іске асыру мақсатында төмендегі жұмыстар ұйымдастырылды. Мектеп оқушыларының бос уақыттарын тиімді пайдалану, каникул уақытында оқушыларының бос жүрмей тиімді іс-әрекетпен айналысуын қамтамасыз ету мақсатында спорт үйірмелерінен пионербол, теннис, волейбол үйірмелері ақысыз түрде жұмыс жасады. Оқушылар уақыты спорт үйірмелеріне қатысып отырды.

Еңбек және дене тәрбиесін іске асыру мақсатында ұйымдастырылған жұмыстардың бірі ол мектепте әкелер қауымымен бірлесе жұмыс жасау еді. Осыған орай мектебімізде «Әке жолы – ізгіліктің іздері» атты әкелер мектебі ашылды. Жылдық жоспары құрылып, жылына 3 рет отырысы ұйымдастырылып отырылды. Әкелермен байланысы отырып түнгі кезекшілік, мектепшілік шаралардағы кезекшілік, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатындағы жұмыстар, салауатты өмір салтын насихаттау барысындағы жұмыстарда әкелермен байланыс болды.

Саға мектеп-балабақшасында 2019-2020 оқу жылында *рухани – адамгершілік тәрбиесін* іске асыру бағытында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жұмыс ең алдымен діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстарын насихаттаушы ақпараттық топтың құрамын құрумен басталды. Топ құрамы құрылған соң жұмыс жоспары құрылған болатын. Жоспар 5-11 сынып оқушылары арасында діни ағымдардан аулақ болу, толық түсінік алу мақсатында тәрбие сағаттары негізінде құрылған. Тәрбие сағаттары уақыты өткізіліп, хабарламалар аудандық білім бөлімінің әдіскеріне тапсырылды. Жұмыс жоспары бойынша мектеп қызметкерлері, ұстаздар, оқушыларға діни –экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша түсіндірме

жұмыстары жүргізілді. Діни ұйымдарға қатысатын отбасыларды анықтау диагностикасы жүргізілді. Нәтижесінде отбасы анықталған жоқ. Мектеп оқушыларына сонымен қатар мектеп ережесіне сай киім кию туралы, олардың ата-аналарына мектеп формасын сақтау туралы түсінік жұмыстары жүргізілді. Мешітке, жұма намазына баратын, намаз оқитын оқушыларды анықтау мақсатында рейдтер жүргізіліп, нәтижесінде оқушылар анықталмады. Оқушылардың дінге көзқарасын анықтау мақсатында сауалнамалар алынып отырылды. Мектебімізде 9 сынып оқушыламен «Дінтану негіздері» курсы жүргізіледі. Курсты тарих пәні мұғалімі Т. Дүйсенғалиев жүргізеді. Мұғалім тарих пәнінің мұғалімі, қосымша дінтану курсы оқыған. Мектеп оқушыларынан діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстардың бірі ол смартфон ұстауға тиым салыну болды. Оқушылар смартфон ұстау арқылы діни ағымдағы түрлі фото, бейнежазбаларды көруі мүмкін. Сондықтан мектеп оқушылары мен ата-аналарына түсінік жұмыстары жүргізіліп, қол қойдырылып алды.

Саға мектеп-балабақшасы бойынша «Рухани-адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» бағдарламасын басшылыққа ала отырып 2019-2020 оқу жылына арнап ақпараттық топ құрылды. Ақпараттық топтың 2019-2020 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылып 1-11 сынып оқушыларын сыбайлас жемқорлықтың алдын –алу шараларына тарту мақсат етіп қойылды. Жоспар бойынша қыркүйек айында кәсіподақ төрайымы Л.Бикирова «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамаларын» таныстыру мақсатында мектеп ұжымымен отырыс өткізді. Мектеп директоры Т.Дүйсенғалиев мен тәрбие ісі орынбасары м.а. М.Кенжеғазина білім алушылардың ата-аналарынан заңсыз ақша жинауға жол бермеу бойынша түсінік жұмыстарын жүргізді. Қараша айында аға тәлімгер м.а. М.Баимбетова мектептің 10-11 сынып оқушыларымен «Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықты жою» тақырыбында дебат өткізді. Дебат барысында екі сыныптың оқушылары да өз ойларын ортаға еркін жеткізе білді. Мектеп кітапханашысы З.Бердіғалиева 8-9 сынып оқушыларымен «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында сыныптан тыс шара өткізді. Шара барысында оқушыларға жемқорлық туралы түсінік қалыптастырды. Оның алдын –алу, қауіпті жақтарын сипаттап өтті. Сонымен қатар ситуациялық сұрақтар қою арқылы оқушының өз бетімен шығу жолдарын анықтады. Мектеп психологына заңсыз түрде ақша жинамау мақсатында ұйымдастырылған «Сенім телефоны» мен «Сенім жәшігінің» жұмыстары тапсырылған болатын. Бірақ биылғы оқу жылында ешқандай арыз-шағымдар келіп түскен жоқ. Тарих пәндері мұғалімдерінің ұйымдастырылуымен 9-10 сынып оқушыларына «Жемқорлық – бұл кертартпалық» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді. Танымдық сабақ барысында оқушылар алдымен ортаға бір қағаз қойып жемқорлық туралы өз ойларын жазды. Одан әрі оқушылар үй тапсырмасын ретінде берліген сахналау бөлімін қойды. Көріністен соң оқушылар сұрақ-жауап қойып кері байланыс жүргізді. Оқушылар бірлесе отырып топтық сұрақтарға жауап берді. Жемқорлыққа байланысты мысалдарды мұғалімдер слайд арқылы көрсетті. Сабақ соңында оқушылар сабақ басында жазған парақтарына қайта оралды. Оған өз ойларын қайта толықтырып, не алып тастады.

Білім алушы бойында рухани-адамгершілік тәрбиесін іске асыру мақсатында елбасымыз Қ.К.Тоқаевтың бастамасымен 2020 жылы «волонтерлар жылы» болып жарияланды. Соған орай аудандық білім бөлімінің бұйрығы негізінде Саға мектеп-балабақшасында «Қоғамға қызмет» волонтерлар клубы құрылды. Жауапты болып әлеуметтік педагог И.Дарменова бекітілді. Құрамына орта, жоғары буын оқушыларынан ерікті түрде қосыламын деген оқушылар тіркелді. Негізгі мақсат мектеп оқушыларын білім ордасымен қатар ауыл ішінде өткізілетін шараларға ерікті түрде қатыстыру, мектептің, ауылдық дамуына, гүлденуіне үлес қосу.

Саға мектеп-балабақшасында 2019-2020 оқу жылында азаматтық-патриоттық тәрбиесін іске асыру бойынша «Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспары құрылды. 1 қыркүйекте «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» салтанатты жиын болды. Жиынға

ұландар өз дайындықтарымен келді. Әр апта сайын апталық жиын ұйымдастырылады. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысымы, мектеп формасы тексеріліп тұрады. Отбасы күніне байланысты «Отбасы сәні - сыйластық» фото конкурс байқауы ұйымдастырылды. «Дені сау адам бақытты» 5-9 сыныптар арасында көңілді эстафета өтті. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі З. Бисұлтановамен бірігіп өткізілді. «Қауіпсіздік мектеп» сенің бағытың ұландар арасында флешмоб өтті. Мұғалімдер мерекесіне « Ұстаз – жарық күні ғаламның» атты апталық жұмыс жоспар құрылды. Ұландар ұстаздарға арнап концерт ұйымдастырып, ашық хаттарын таратты. Апта соңында ардагер ұстаздармен кездесу, жиын өткізілді. Күз апталығына байланысты «Күзгі балл» 8-10 сыныптар арасында ұйымдастырылды. Әрбір сыныптан екі оқушыдан қатысты. Оқушылар сайыстың кезеңдерінен сүрінбей өтіп орындап шықты. Сайыс соңында жеңген жұптар марапатталды. 1 қазан қарттар күніне байланысты «Қарты бардың-қазынасы бар» әдеби сазды бағдарлама ұйымдастырылды. Ауылмыздың қарттары шақырылды. «Рухани жаңғыру – жастарға жарқын жол» танымды жұмыстар жүргізілді. Оқушылар түсінік жұмыстары жүргізіліп, тренинг жұмыстар өтті. 7-8 сынып оқушылары арасында «Дінімізге берік болайық» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Сабақ барысында оқушылар дін туралы көптеген мәліметтер алып, слайд презентация қарап, бейне сюжет тамашалап, қойылған сұрақтарға ұтымды әрі тез жауап берді. Оқушылар қазіргі таңдағы дін мәселесі ауқымды екендігін өздерінің білгендері бойынша ортаға сала білді, тақырып бойынша білімдерінің бар екендігін байқатты. 1-желтоқсан Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті күніне орай «Елбасы ұлт мақтанышы» атты тақырыпта президентімізді ұлықтау, дәріптеу, құрметтеу мақсатында мерекелік жиын өтті. Мерекелік жиынға 5-сынып оқушылары дайындықтарымен келіп, Президентімізге арнап тапқартарды жатқа айтып, әндер шырқады. 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесіне байланысты «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» атты салтанатты жиын өтті. Салтанатты жиында 2 - сынып оқушылары «Жас қыран», ал 5-сынып оқушылары «Жас Ұлан» ұйымына қабылданды. Жас Ұлан ұйымына қабылданған оқушылар ант айтып, гимн хормен орындалып, оқушыларға төс белгі және галстук тағу рәсімі жүргізілді. 5-6 сынып оқушылар арасында «Жұмбақтар елі» сайысы өтті. Сайыс 5- кезеңнен тұрды. Сайыста жұмбақтар жасырылып, мемикалық ойындар ұйымдастырылды. Сайыс қызықты тартымды болды. Оқушылар ұсыныс тастады. Сайыс соңында бағаланып ұтқан топ марапатталды. Жылда тойланатын «Төрлет, құтты Жаңа жыл!» жаңа жыл мерекесін мектепшілік тойланды. 5-7 сынып оқушылары арасында «Менің елімнің рәміздері» сыныптан тыс сабағымызда «Танысу» тренингімен бастадық. Әрі қарай «Ой қозғау» сұраққа жауап беру, топпен жұмыс, постермен жұмыс, «Рәміздер» тақырыбында сурет салу арқылы сабағымызды қорытынды жасадық. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» 2-5 сыныптар арасында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Сурет көрмесін Бейнелеу пәні мұғалімі М.Баймбетов бірігіп ұйымдастырды. Оқушылар белсенді қатысты. Жақсы салған оқушылар марапатталды. «Кітап – ақылшы досың» атты пікірталас ойыны ұйымдастырылды. Мектебіміздің кітапханашысы З.Бердіғалиева бірігіп өткізілді. «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» атты 5-7 сынып оқушылар арасында сайыс өтті. Себебі оқушыларға мақалдардың мағынасын айтып түсіндіру мақсатында ұйымдастырылды. Сайыс атына қарай ұйымдастырылды. Сурет арқылы мақалдар, жұмбақтар жасырылды. Сайыс соңында жеңген топ марапатталды. Оқушылар қызығушылық танытты. 1 наурыз алғыс айту күніне байланыс «Алғыс айтамыз сізге» ашық хаттар жасалып таратылды. 8 наурыз мерекесіне орай 2-4 сынып қыз балалар арасында «Көктем аруы – 2020» байқау өтті. Сайысқа белсенділік танытып қыздар қатысты. Сайыста орын берілді және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды. «Жас Ұлан» ұйымы жұмысының жұмысы алдағы уақыттада жоспарлы түрді ұйымдастырыла беретін болады.

Азаматтық – патриоттық тәрбиені жоспарлау мақсатындағы жұмыстың бірі ол «Жас сарбаз» клубы. «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының жылдық жұмыс

жоспары 8-10 сынып оқушыларына арналып жасалған. Жоспарлау уақытында оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, тақырыптар таңдалған. Қазіргі кездегі тәрбиенің бір бағыты ол – патриоттық тәрбие. Оқушыларды Отансүйгіштікке баулу, барлық буындағы ең өзекті мәселе. Оның ішінде патриоттық тәрбиенің әскери саламен байланыстыру балалар үшін өте қызықты тақырып болмақ. Клубтың негізгі мақсаты оқушылар арасында әскери мамандықты кеңінен насихаттау, елдің тарихын ұғындыру, батырлар өмірімен таныстыру, Қазақстанның армиясымен таныстыру, жанындағы адамдардың жақсылығын бағалау алу, қоғамдағы өз орнында білу. Тақырып барысында түрлі деңгейдегі сайыстар ұйымдастырылған.

Саға мектеп-балабақшасы бойынша ұлттық дәстүрлі, мәдениетті, жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысының бірі ретінде ақылы түрде жүргізілетін «Эстрадалық вокал» вокал үйірмесінің жұмысы. Мұнда оқушылар 2 топ бойынша ән айту бағыты бойынша өздерінің өнерлерін шындап, бос уақыттарын тиімді өткізіп, түрлі деңгейдегі конкурстарға қатысып отырды. Үйірме жұмыстары арқылы мектепшілік түнрі байлаулар, тренингтер, ән шерулер ұйымдастырылып отырылды.

Саға мектеп-балабақшасында 2019-2020 оқу жылында көркем-эстетикалық тәрбиені іске асыру мақсатында көптеген жұмыстар жүргізілді. Атап айтсақ «Кәусар» қыз балалар клубының жұмысы. «Кәусар» қыз балалар клубы мектебіміздегі қыздармен жұмыс жүргізетін клубтың бірі. Жетекшісі А.Қартбаева. Жылдық жоспар құрылып, жұмыстары уақытылы жүргізіліп отырылды. Жоспар бойынша оқу жылының басында алғашқы отырыс ұйымдастырылды. Мұнда қыздар жетекшімен бірге жылдық жоспарды талқылап, бекітуге ұсынады. Клубқа жаңадан қосылған қыздарға бойжеткен ережелерімен таныстырады. Қыркүйек айында «Инабатты болу да өнер», қазан айында «Қыз тазалығы – үй тазалығы», «Қыз – өмірдің қызғалдағы», қараша айында «Қызды 40 үйден тию», «Қыздың жиган жүгіндей», желтоқсан айында «Қыз өссе елдің көркі» шаралары ұйымдастырылып, жарты жылдық қорытындыланды. Қаңтар айында «Қызым саған айтам...», «Өнерлі бол қалқатай», ақпан айында «Сұлулық сыры», «Мөлдір махаббат», наурыз айында «Бейбіт елдің батыр қыздары» байқауы, сәуір айында «Өнерлі өрге жүзер» мамыр айында «Қыздың шырайы» шаралары ұйымдастырылып, жылдық жұмыс қорытындыланды.

Бұл бағыттағы келесі бір жұмыстың бірі ол аналармен жұмыс. Мектебімізде «Ана-өмір шуағы» аналар мектебі өз жұмысын бастады. Құрамы сайланып, жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Мектебіміздің аналары мектепшілік барлық шаралардың басы-қасында жүреді. Жоспар бойынша іс-шаралармен қатар, жоспардан тыс сынып жетекшілердің жоспары бойынша, басқа да тәрбие саласы мамандарының жоспары бойынша барлық жұмыстарға белсенді қатысушылар. «Ана мен бала, ұстаз» арасындағы бірлескен жұмыстар жақсы нәтиже беруді. Аналар мектебінің құрамы жылына 3 рет отырыс өткізіп, қатысқан шараларға талдау жасайды. Сонымен қатар аналар мектебінің құрамы мектеп оқушыларының мектеп формасын сақтауына, салауатты салтын сақтауды насихаттауға, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатындағы жұмыстарға белсене қатысып өз пікірлерін білдіріп отырады.

Саға мектеп-балабақшасында 2019-2020 оқу жылында еңбек және дене тәрбиесін іске асыру мақсатында төмендегі жұмыстар ұйымдастырылды. Мектеп оқушыларының бос уақыттарын тиімді пайдалану, каникул уақытында оқушыларының бос жүрмей тиімді іс-әрекетпен айналысуын қамтамасыз ету мақсатында спорт үйірмелерінен пионербол, теннис, волейбол үйірмелері ақысыз түрде жұмыс жасады. Оқушылар уақыты спорт үйірмелеріне қатысып отырды.

Еңбек және дене тәрбиесін іске асыру мақсатында ұйымдастырылған жұмыстардың бірі ол мектепте әкелер қауымымен бірлесе жұмыс жасау еді. Осыған орай мектебімізде «Әке жолы – ізгіліктің іздері» атты әкелер мектебі ашылды. Жылдық жоспары құрылып,

жылына 3 рет отырысы ұйымдастырылып отырылды. Әкелермен байланысы отырып түңгі кезекшілік, мектепшілік шаралардағы кезекшілік, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатындағы жұмыстар, салауатты өмір салтын насихаттау барысындағы жұмыстарда әкелермен байланыс болды. Оқу жылының барысында онлайн форматтағы оқуға көшкендіктен әкелермен жүргізілген жұмыстардың бірі онлайн форматта ұйымдастырылды.

Саға мектеп-балабақшасында 2020-2021 оқу жылында рухани – адамгершілік тәрбиесін іске асыру бағытында жасалған жұмыстардың бірі ол діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстары. Жылдық жоспар бойынша насихаттаушы – ақпараттық топ құрамы құрылып, жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Жылдық жоспар бойынша «Терроризмге қарсы күрес туралы» заңмен ұжым таныстырылды. Діни секталарға үгіттеуді шектеу мақсатында ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Діни ұйымдарға баратын отбасыларды анықтау мақсатында диагностика жүргізілді. Мектепші ішіндегі оқушылардың киім кию ережесі туралы түсінік жұмыстары жүргізу, сақтау, қадағалау туралы жұмыстар жүргізілді. Бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында мектеп оқушыларын спорттық, мәдени үйірмелерге тарту жұмыстары үнемі жүргізіліп келеді. Сонымен қатар 5-11 сынып оқушыларына діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында сынып жетекшілері тәрбие сағаттарын ұйымдастырды. Мектебімізде 9 сынып оқушыламен «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы жүргізіледі. Курсты тарих пәні мұғалімі Т. Дүйсенғалиев жүргізеді. Мұғалім тарих пәнінің мұғалімі, қосымша дінтану курсын оқыған. Мектеп оқушыларынан діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстардың бірі ол смартфон ұстауға тиым салыну болды. Оқушылар смартфон ұстау арқылы діни ағымдағы түрлі фото, бейнежазбаларды көруі мүмкін. Сондықтан мектеп оқушылары мен ата-аналарына түсінік жұмыстары жүргізіліп, қол қойдырылып алды.

Саға мектеп-балабақшасы бойынша «Рухани-адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» бағдарламасын басшылыққа ала отырып 2020-2021 оқу жылына арнап ақпараттық топ құрылды. Ақпараттық топтың 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылып 1-11 сынып оқушыларын сыбайлас жемқорлықтың алдын –алу шараларына тарту мақсат етіп қойылды. Жоспар бойынша білім алушылардың ата-аналарымен заңсыз ақша жинауға жол бермеу бойынша жұмыстар жүргізілді. «Жемқорлыққа жол жоқ» сурет көрмелері, тренингтер, сыныптан тыс шаралар, апталық жұмыстар, «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефонының» жұмысы жоспар бойынша уақытылы ұйымдастырылып отырылды.

Білім алушы бойында рухани-адамгершілік тәрбиесін іске асыру мақсатында Саға мектеп-балабақшасында «Қоғамға қызмет» волонтерлар клубы құрылды. Жауапты болып әлеуметтік педагог И.Дарменова бекітілді. Құрамына орта, жоғары буын оқушыларынан ерікті түрде қосыламын деген оқушылар тіркелді. Негізгі мақсат мектеп оқушыларын білім ордасымен қатар ауыл ішінде өткізілетін шараларға ерікті түрде қатыстыру, мектептің, ауылдық дамуына, гүлденуіне үлес қосу.

Саға мектеп-балабақшасында 2020-2021 оқу жылы бойынша азаматтық – патриоттық тәрбиені іске асыру бойынша «Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспары құрылып, жұмыстар жүргізілуде. Ұланбасы тағайындалады және мүшелер сайланады. Айсайын отырыстар ұйымдастырылады. Қыркүйек айында «Менің отбасым» атты сурет көрмесі 1-4 сыныптар арасында ұйымдастырылды. Оқушылар белсенділік танытты. Ынталандыру сыйлықтармен марапатталды. «Жол ережесін білейік, Аман –есен жүрейік» атты 7,8,9 сыныптар арасында сайыс ұйымдастырылған болатын. Сайыс 4- кезең тұрады. «Ұстаздарға мың алғыс» мұғалімдер күніне арнап «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастырумен сынып жетекшілерге қолдан жасалынған гүл шоқтары таратылды. «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» яғни ауылмыздың қарттарын аралап құттықтап

шықтық. «Жас Ұлан» ұйымының белсенді ұландармен бірге. Құрылыс ата мен Сәуле әже, Зәуре әже, Сабырғали ата, Тұрсын әже, Тәрбие әже, Бағыла әже, Ақдеңге әжелердің үйлерін аралап мектеп ұжымның жасаған сыйлықтарын беріп баталарын алып қайттық. Әрқашан қарттарымыздың көңілдерін кір шалмасын. Ризашылықтарын білдірді. «Ұстаздарға мың алғыс» мұғалімдер күніне сынып жетекшілерге «Жас Ұлан» мүшелері қолдан гүл шоқтарын жасап таратты. «Қыз қылығымен көрікті» 5-6 сыныптың қыз балдар арасында тренинг сайыс өткіздім. 1-кезең тренинг. 2-кезең кез келген затпен қыз бейнесін салу. 3- кезең сұрақтарға жауап беру. 4-кезең мақал-мәтелдер. 6 сынып қыз балалары белсенділік танытып алға шықты. «Аяулы күз – алтын күз» сурет салу, фото сессия 10 күндік жұмыстары жүргізілген болатын. 1-2 сыныптар арасында сурет салу. 3-4 сыныпқа аппликация жасау. 5-10 сыныптар арасында фото сессия жасау тапсырмалары берілді. Қорытындылайтын болсақ сурет салудан 1 орын Қуатжан Самғат, 2-орын Нұрберген Әділет, 3-орын Жаңабай Дәурен және ынталандыру сыйлықтарымен Бақберген Нұртілеу, Елемес Ерасыл, Сағидолла Ерасыл, Сағдиуакасұлы Жәнібек, Сағынаева Сезім сынды оқушылар марапатталды.

3-4 сыныптар арасында аппликация жұмысынан 1 орын Дарханова Айлана, 2 орын Тыныштық Ахмет, 3 орын Тұрғалиева Ақерке және ынталандыру Аманжолова Қымбат, Махмутов Данияр, Хасен Айниза, Сағдиуокасқызы Айтгүл сынды оқушылар марапатталды. «Өзінді қорға» құқықтық кеңес «Жеті жарғы» бағыты бойынша жүргізілді. «Құқықбұзушылықтың алдын аламыз» тақырыбында бейнекөрініс түсірді белсенді жасұлан ұйымының мүшелері. «Денсаулық – зор байлық» спорттық сайыс «Салауат» бағыты жұмыстар ұйымдастырылды. 16 желтоқсан «ЖасҰлан» ұйымына оқушылар қабылдау салтанатты жиын ұйымдастырылды. ЖасҰланға 6 оқушы, жас қыранға 4 оқушы қабылданды. «Рәміздерім мақтанышым» сайыс 5-6 сынып оқушылармен «Руханият» бағыты бойынша өтті. «Тазалық – денсаулық» медбикемен тазалық жұмыстары жиналыс жүргізіліп тұрады. Оқушылардың төс белгі, форма, күнделіктері үнемі тексеріліп қадағаланып отырады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» сурет көрмесі 5-10 сынып оқушылар арасында ұйымдастырылды. Мағынасын қарай сурет бағаланады. Оқушы өзі салу керек. Соңында марапатталады. «Алғыс айтамыз сізге» алғыс айту күніне ұстаздарға жасұландықтар ашық хат жасап табыстады. 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне байланысты 1-11 сынып қыз балалар арасында онлайн форматта «Көктем аруы-2021» сайыс ұйымдастырдым. Әрбір сыныптан бір қыз баладан шықты. 1-кезең шаш үлгісімен қазақ киім киіп фото түсу. 2-кезең. Үйден тамақ жасап немесе қазақтың ырым-тиымдарын бейне көрініс көрсету болатын. Лайк арқылы бағаланды. Нәтижесінде ең көп лайк жинаған 5 сынып оқушысы Қобыланды Еркеназ бірінші орынмен, 9 сынып оқушысы Ерланқызы Нұржанат екінші орынмен, 3 сынып оқушысы Хасен Айниза үшінші орынмен және орын алмаған оқушылыр ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды. Наурыз айында 22 наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған «Наурыз шуағы» онкүндігінің іс-шаралардың бірі «1001 мақал, 101 жұмбақ» тақырыбында жасұландармен сайыс ұйымдастырылды. «Табиғатты аяла да, бағала» ерікті жасұландармен тал егіп, тал ақтау, мектеп ауласына талдар отырғызу жұмыстары жүргізілді. 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күнімен онлайн форматта әрбір сыныптан бір оқушыдан ұлт болып киініп сол ұлттың тілін сөйлеп құттықтау айтып, тағамын пісіріп түсіндіріп береді. 1 мамырда «ЖасҰлан» ұйымына оқушылар қабылданды. Қоғамдық жұмыс «Жас Ұлан» ұйымы мүшелері және «Қоғамға қызмет» волонтерлар клубы мүшелері республикалық жастар экологиялық акциясы аясында «Таза әлеммен біргеміз» челледжін қолдайды акциясына қатыстық. Жасұландар арасынан Республикалық сырттай сурет көрмесіне қатысып «Алғысым шексіз – жер ана!» республикалық жас экологтар байқауынан Бағдатова Аяулым I дәрежелі дипломмен III орынмен Хасен Диас марапатталды. Қорытынды «ЖасҰлан» ұйымының қоғамдағы өзгеріске бейімдеуге, әлеуметтік жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғамдағы бірлестіктің ғылыми - әдістемелік қызметін

жандандыру. Тәрбиелік - оқыту бағдарламасын тиісті өткізу, ұйым жұмыстарын жаңаша түрде ұйымдастыру.

Азаматтық –патриоттық тәрбиені жоспарлау мақсатындағы жұмыстың бірі ол «Жас сарбаз» клубы. «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының жылдық жұмыс жоспары 8-10 сынып оқушыларына арналып жасалған. Жоспарлау уақытында оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, тақырыптар таңдалған. Қазіргі кездегі тәрбиенің бір бағыты ол – патриоттық тәрбие. Оқушыларды Отансүйгіштікке баулу, барлық буындағы ең өзекті мәселе. Оның ішінде патриоттық тәрбиенің әскери саламен байланыстыру балалар үшін өте қызықты тақырып болмақ. Клубтың негізгі мақсаты оқушылар арасында әскери мамандықты кеңінен насихаттау, елдің тарихын ұғындыру, батырлар өмірімен таныстыру, Қазақстанның армиясымен таныстыру, жанындағы адамдардың жақсылығын бағалау алу, қоғамдағы өз орныңді білу. Тақырып барысында түрлі деңгейдегі сайыстар ұйымдастырылған.

Саға мектеп-балабақшасында 2020-2021 оқу жылында көркем-эстетикалық тәрбиені іске асыру мақсатында көптеген жұмыстар жүргізілді. Атап айтсақ «Кәусар» қыз балалар клубының жұмысы. «Кәусар» қыз балалар клубы мектебіміздегі қыздармен жұмыс жүргізетін клубтың бірі. Жетекшісі болып А.Амирова бекітілді. Жылдық жоспар құрылып, жұмыстары уақытылы жүргізіліп отырылды. Жоспар бойынша оқу жылының басында алғашқы отырыс ұйымдастырылды. Мұнда қыздар жетекшімен бірге жылдық жоспарды талқылап, бекітуге ұсынады. Клубқа жаңадан қосылған қыздарға бойжеткен ережелерімен таныстырылды. Жыл бойы жоспар бойынша барлық жұмыстар өткізіліп, жылдық отырыстар болып хаттамалары жазылды.

Бұл бағыттағы келесі бір жұмыстың түрі ол «Өнер» сәндік-қолданбалы ақысыз үйірмесі. Үйірме жұмысы аптасына 2 рет тек үлкен 1 топпен ғана жұмыс жасады. Мұнда қыз балаларға сәндік-қолданбалы өнердің қыр-сыры меңгертілді.

Саға мектеп-балабақшасы бойынша ұлттық дәстүрлі, мәдениетті, жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысының бірі ретінде ақылы түрде жүргізілетін «Эстрадалық вокаль» вокаль үйірмесінің жұмысы. Мұнда оқушылар 2 топ бойынша ән айту бағыты бойынша өздерінің өнерлерін шыңдап, бос уақыттарын тиімді өткізіп, түрлі деңгейдегі конкурстарға қатысып отырды. Үйірме жұмыстары арқылы мектепшілік түнрі байлаулар, тренингтер, ән шерулер ұйымдастырылып отырылды.

Бұл бағыттағы келесі бір жұмыстың бірі ол аналармен жұмыс. Мектебімізде «Ана-өмір шуағы» аналар мектебі өз жұмысын бастады. Құрамы сайланып, жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Мектебіміздің аналары мектепшілік барлық шаралардың басы-қасында жүреді. Жоспар бойынша іс-шаралармен қатар, жоспардан тыс сынып жетекшілердің жоспары бойынша, басқа да тәрбие саласы мамандарының жоспары бойынша барлық жұмыстарға белсенді қатысушылар. «Ана мен бала, ұстаз» арасындағы бірлескен жұмыстар жақсы нәтиже беруді. Аналар мектебінің құрамы жылына 3 рет отырыс өткізіп, қатысқан шараларға талдау жасайды. Сонымен қатар аналар мектебінің құрамы мектеп оқушыларының мектеп формасын сақтауына, салауатты салтын сақтауды насихаттауға, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатындағы жұмыстарға белсене қатысып өз пікірлерін білдіріп отырады. Оқу жылында санитарлық талаптарды сақтау барысында мектеп ішіндегі шараларға ата-аналар шақырылмады, бірақ жұмыстар онлайн форматында үнемі ұйымдастырылып отырылды.

Саға мектеп-балабақшасында 2020-2021 оқу жылында «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ 2020 жылғы 11 наурыздағы № 2-1213 хаты негізінде «Ұшқыр ой» дебат клубы құрылды. Клубқа 8-11 сынып оқушылары қабылданды. Жетекшісі болып қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Ақбисенова бекітілді. Жылдық жоспар құрылып, оқушылармен жұмыстар жүргізілді.

Саға мектеп-балабақшасында 2020-2021 оқу жылында еңбек және дене тәрбиесін іске асыру мақсатында төмендегі жұмыстар ұйымдастырылды. Мектеп оқушыларының бос уақыттарын тиімді пайдалану, каникул уақытында оқушыларының бос жүрмей тиімді іс-әрекетпен айналысуын қамтамасыз ету мақсатында спорт үйірмелерінен пионербол, теннис, волейбол үйірмелері ақысыз түрде жұмыс жасады. Оқушылар уақыты спорт үйірмелеріне қатысып отырды.

Еңбек және дене тәрбиесін іске асыру мақсатында ұйымдастырылған жұмыстардың бірі ол мектепте әкелер қауымымен бірлесе жұмыс жасау еді. Осыған орай мектебімізде «Әке жолы – ізгіліктің іздері» атты әкелер мектебі ашылды. Жылдық жоспары құрылып, жылына 3 рет отырысы ұйымдастырылып отырылды. Әкелермен байланысы отырып түңгі кезекшілік, мектепшілік шаралардағы кезекшілік, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатындағы жұмыстар, салауатты өмір салтын насихаттау барысындағы жұмыстарда әкелермен байланыс болды.

Саға мектеп-балабақшасында 2021-2022 оқу жылында *рухани – адамгершілік тәрбиесін* іске асыру бағытында жасалған жұмыстардың бірі ол діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстары. Жылдық жоспар бойыша насихаттаушы – ақпараттық топ құрамы құрылып, жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Жылдық жоспар бойынша «Терроризмге қарсы күрес туралы» заңымен ұжым таныстырылды. Діни секталарға үгіттеуді шектеу мақсатында ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Діни ұйымдарға баратын отбасыларды анықтау мақсатында мақсатында диагностика жүргізілді. Мектеп ішіндегі оқушылардың киім кию ережесі туралы түсінік жұмыстары жүргізу, сақтау, қадағалау туралы жұмыстар жүргізілді. Бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында мектеп оқушыларын спорттық, мәдени үйірмелерге тарту жұмыстары үнемі жүргізіліп келеді. Сонымен қатар 5-11 сынып оқушыларына діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында сынып жетекшілері тәрбие сағаттарын ұйымдастырды.

Саға мектеп-балабақшасы бойынша «Рухани-адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» бағдарламасын басшылыққа ала отырып 2021-2022 оқу жылына арнап ақпараттық топ құрылды. Ақпараттық топтың 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылып 1-11 сынып оқушыларын сыбайлас жемқорлықтың алдын –алу шараларына тарту мақсат етіп қойылды. Жоспар бойынша білім алушылардың ата-аналарымен заңсыз ақша жинауға жол бермеу бойынша жұмыстар жүргізілді. «Жемқорлыққа жол жоқ» сурет көрмелері, тренингтер, сыныптан тыс шаралар, апталық жұмыстар, «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефонының» жұмысы жоспар бойынша уақытылы ұйымдастырылып отырылды.

Білім алушы бойында рухани-адамгершілік тәрбиесін іске асыру мақсатында Саға мектеп-балабақшасында «Қоғамға қызмет» волонтерлар клубы құрылды. Жауапты болып әлеуметтік педагог И.Дарменова бекітілді. Құрамына орта, жоғары буын оқушыларынан ерікті түрде қосыламын деген оқушылар тіркелді. Негізгі мақсат мектеп оқушыларын білім ордасымен қатар ауыл ішінде өткізілетін шараларға ерікті түрде қатыстыру, мектептің, ауылдық дамуына, гүлденуіне үлес қосу.

Саға мектеп-балабақшасында 2021-2022 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша азаматтық – патриоттық тәрбиені іске асыру бойынша «Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспары құрылып, жұмыстар жүргізілуде. I қыркүйек білім күңіне байланысты «Кел балалар оқылық!» атты салтанатты жиын өтті. Жиында I сынып оқушылармен белсенді ұландар және ауыл әкімі, ардагер ұстаздар қатысты. I сынып оқушыларына әліппе берілді. Ұландар «Жас Ұлан» ұйымының жоспары құрылып, сол бойынша жұмыстар жүргізіледі. Ұланбасы тағайындалады және мүшелер сайланады. Ай-сайын отырыстар, мектепшілік апталық жиындар ұйымдастырылады. Ұландармен қырандардың

күнделікті мектеп формалары, сабаққа кешікпей келуі тексеріліп тұрады. Сонымен қатар оқушылардың күнделіктер ай сайын тексеріледі. 6.09.2020 Отан бағыты бойынша Отбасы күніне байланысты «Үйде болу бақыт» тақырыбына флешмоб түсіру. Бұл флешмобқа Тұрғалиевтер отбасы, Жаңабаевтар отбасы, Сағынбаевтар отбасы, Есенбаевтар отбасылары қатысты. 16.09.2021 Салауат бағыты бойынша «Назар аудар бағдаршам» атты сайыс 5,6,7- сыныптар арасында ұйымдастырылды. Сайыс 5 кезеңнен тұрды. 5 кезеңде бағаланды. Сайыс нәтижесі 6 сынып оқушылар алға шықты. Жеңіп шыққан команда марапаталып ынталандыру сыйлықтарымен марапаталды. Салауат бағыты бойынша қыздар апталығындағы «Әдемі күл, сыпайы жүр» атты тренинг 5,6 сыныптың қыз балалары арасында ұйымдастырылды. Салауат бағыты бойынша ұстаздар күніне байланысты «Ұстаз болу бақыт, әрі абырой» атты ұландармен жұмыс қойған болатынын. Ұландар ұстаз күніне концерт ұйымдастырып, ашық хаттарын табыстады. Ұстаздар өздерінің жылы лебіздерін білдірді. Отан бағытын бойынша «Көп жасаған қария, ақылы теңіз дария» тақырыбында қарттар күніне байланыс ауыл клубында концерт ұйымдастырылды. Ауылмыздың қарттары түгел шақырылды. Қарттарға ұландар арнау айтып, би билеп, ән айтып көңілдерін көтерді. Құттықтау сөздер айтып, сыйлықтар таратылды. Салауат бағыты бойынша «Денсаулық зор байлық!» спорттық сайыс өтті. 5-6 сынып ер балдар арасында футбол ұйымдастырылды. Сайыста 6 сыныптың ер балдары 5:2 ұпайымен ұтып кетті. Ұтқан команда марапаталды. 19-23.2021 Экоәлем бағыты бойынша «Күз береке –күз мерекем» атты апталық жұмыстар жүргізілді. Апталық жұмысында «Күз ханшайымы, күз ханзада» күзгі балл ұйымдастырылды. 7,8,9,10- сынып оқушылар қатысты. 7-сынып оқушылары Айданамен Жансерік 2 орын, 9 сынып оқушылары Мұхаммед пен Ізтұрған 3 орын, 1орынмен 8 сынып оқушылары Алдиярмен Гүлсерік, Күз ханшайымымен ханзадасы 10 сынып оқушылары Мансур мен Нұржанат болды. Салауат бағыты бойынша «Зорлық зомбылыққа жол жоқ!» 7-9 сынып оқушылар арасында эссе жаздырылды. Жеті жарғы бағыты бойынша «Сыйбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында сыныптан тыс шара ұландармен өтті. Салауат бағыты бойынша «Құқық бұзушылықты алдын алу» 7-10 сыныптар арасында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Күзгі демалыс кезінде мектеп оқушыларына арналған облыстық экологиялық «ЭКО life» жобаға екі оқушы қатысты. 7 сынып оқушылар Төлепберген Ілияс, Хасен Диас бес күнде бес түрлі тапсырма берілді. Бес тапсырманы бұлжытпай орындап сертификатқа ие болды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына айлық 30 шара қойылған болатын соның бір шарасы «Тәуелсіз елдің ұландар» атты сайыс 7,8,9,10 сынып оқушылар арасында ұйымдастырылды. Сайыс әр түрлі бағыт бойынша өтті. .

Зерде бағыты бойынша «Тәуелсіз ел ұланы, болашаққа үн қосқан» «ЖасҰлан» ұйымына салтанатты қабылдау жиын өтті. Жиында «Жасұлан» антты қабылданды. Ұландарға галстук төс белгі, қырандар төсбелгі тағылды. «ЖасҰлан» ұйымына 7оқушы, «ЖасҚыранға» 6 оқушы қабылданды. Төс белгілер мен галстук тағу үшін мектеп директор және ұстаздар шақырылды.

Азаматтық –патриоттық тәрбиені жоспарлау мақсатындағы жұмыстың бірі ол «Жас сарбаз» клубы. «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының жылдық жұмыс жоспары 8-10 сынып оқушыларына арналып жасалған. Жоспарлау уақытында оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, тақырыптар тандалған. Қазіргі кездегі тәрбиенің бір бағыты ол – патриоттық тәрбие. Оқушыларды Отансүйгіштікке баулу, барлық буындағы ең өзекті мәселе. Оның ішінде патриоттық тәрбиенің әскери саламен байланыстыру балалар үшін өте қызықты тақырып болмақ. Клубтың негізгі мақсаты оқушылар арасында әскери мамандықты кеңінен насихаттау, елдің тарихын ұғындыру, батырлар өмірімен таныстыру, Қазақстанның армиясымен таныстыру, жанындағы адамдардың жақсылығын бағалау алу, қоғамдағы өз орныңді білу. Тақырып барысында түрлі деңгейдегі сайыстар ұйымдастырылған.

Саға мектеп-балабақшасында 2021-2022 оқу жылында көркем-эстетикалық тәрбиені іске асыру мақсатында көптеген жұмыстар жүргізілді. Атап айтсақ «Кәусар» қыз балалар

клубының жұмысы. «Кәусар» қыз балалар клубы мектебіміздегі қыздармен жұмыс жүргізетін клубтың бірі. Жетекшісі болып А.Амирова бекітілді. Жылдық жоспар құрылып, жұмыстары уақытылы жүргізіліп отырылды. Жоспар бойынша оқу жылының басында алғашқы отырыс ұйымдастырылды. Мұнда қыздар жетекшімен бірге жылдық жоспарды талқылап, бекітуге ұсынады. Клубқа жаңадан қосылған қыздарға бойжеткен ережелерімен таныстырылды. Жыл бойы жоспар бойынша барлық жұмыстар өткізіліп, жылдық отырыстар болып хаттамалары жазылды.

